

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының Сан-Марино командасына қарсы ойынын «Астана Арена» стадионында тамашалады. Тартысты өткен ойында Қазақстан құрамасы айқын басымдықпен, яғни 3:1 есебімен жеңіске жетті.

Мемлекет басшысымен бірге ұлттық құрамаға қолдау білдіру үшін даңқты спортшылар, спорт ардагерлері мен мәдениет қайраткерлері де стадионға келді.

Олардың арасында Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайберген, мини-футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Паулу Рикарду Фигейра Силва (Кака), футбол ардагерлері Михаил Гурман мен Вахид Масудов, бапкер Дмитрий Огай, олимпиада чемпиондары Ольга Рыпакова, Дмитрий Баландин және тағы басқалары бар.

Кешегі ойынды тамашалау үшін стадионға 30 100 жанкүйер жиналды.

## ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМҒА ҚАЗАҚСТАН ЖЕРҮЙЫҚ БОЛА АЛА МА?

Дамыған елдердің «білім көгін» тіреген азулы, атақты оқу орындарын бітіру әлемдегі кез келген қабілетті, өршіл, мақсаткер жастың аңсарлы арманы болса керек. Бірақ оқу ақысының қымбаттығын, гранттар таланттардың бәріне бірдей жетпейтінін айтпағанда, алдыңғы қатарлы елдерде тұрудың және тамақтанудың өзі қалта қағады. Қазақстан дүниежүзіндегі дарындарға бұл тұйықтан шығудың жолын ұсынбақ. Қазақ елінің дәл қазір іргесін қалап жатқан жаһандық мега-жобасы Study in Kazakhstan деп аталады.

Бұл бастаманың идеясы бір қарағанда, қарапайым. Ғаламшарымыздағы атағы жер жарған беделді жоғарғы оқу орындары республикамызда төл филиалдарын ашады немесе жергілікті университеттермен кооперацияланады. Тісінше, олардың диплом-сертификатына ие болу үшін төрткүл дүниенің әр түрлірінен талапты жастар Қазақстанға ағылады. Әрине, бәрі айтуға оңай. Әлемге мәшһүр шетелдік университет-колледждердің бөлімшесін елімізде ашу – күрделі іс. Ал ашылған соң атак-абыройды сақтап қалу, білім мен ғылым биіктерін бағындыру, кері кетіп тоқырамай, кемелдену кезеңдерін лайықты өнсеру одан да қиын.

10 >>



## БИЗНЕСТІҢ КЕДЕРГІЛЕРІН АЗАЙТУҒА МҮДДЕЛІ



Кәсіпкерлік қызметті реттеу ісін «таза парақтан» бастау, сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселесі «AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында талқыланды.

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева кейінгі екі жылда Үкімет пен Парламент кәсіпкерлік қызмет

саласына жаңа реттеу саясатын енгізу мақсатында заңнамалық база әзірлеп жатқанын атап өтті.

«Біз көбіне-көп ескірген кенестік нормаларға жапсарланған жаңа талаптарды қабылдадық. Сонымен қатар реттеуші күшті қолданудың әсерін, орындылығын бағалау тұрғысынан әдістемелік де өзгерту қажет болды. Жаңа реттеу саясатын енгізу туралы заңға 2021 жылы қол қойылды. Бұл реформаның негізгі ережелері мен қағидаларын анықтайтын тек бірінші пакет еді. Ал екінші пакет қазір Парламентте. Заң жобасында бизнес-процестерді онтайландырудан және кедергілерді жоюдан басқа, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жаңа форматтарын енгізу көзделген. Барлық саладағы артық реттеуші талаптарды алып тастау – бұл «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндет», – деді Екатерина Смышляева.

3 >>

## САНАҚ САПАНЫ АНЫҚТАЙ МА?



«Қазақ малын жасырады. Жасырмайтыны кемде-кем». Бұл – 1916 жылғы санаққа қатысты сөз. Авторы – көрнекті қайраткер, ақын Сәкен Сейфуллин. 2025 жылы елімізде ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтетіні белгілі болды. Алдағы санақ бар мен жоқтың арасын нақты ашып көрсете ала ма? Оған дайындық қаншалықты пысықталып жатыр?

Расында, қазақ малының нақты есебін неге жасырады? Бұл мәжбүрлік пе, әлде әдет пе? Жоғарыдағы сөз Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романынан алынып отыр. Ақын 1916 жылы мамыр айында Омбының мұғалімдер семинариясын бітіріп Ақмола уезіне келген соң қазақ даласында жүргізіліп жатқан ауыл шаруашылығы санағына қызметке кіреді.

7 >>

## БЕЛГІЛІ БЕКЕНОВТЕР БЕЛГІСІЗ...



8  
БЕТ

## ӘННІҢ ҰЯСЫНДА ӨСКЕН БАЛАМЫН



11  
БЕТ

## КЕСІРМЕН КҮРЕС КҮШЕЙСЕ ИГІ...

Жыл басынан бері полицейлер елімізде 1 200-ден астам вандализм оқиғасын тіркелті. Бірақ бұл нақты анықталғандары ғана. Еліміздің ұланғайыр аймақтарында құқық қорғаушылар мен белсенді азаматтардың көзіне түспегендері қаншама?! Әзірге кейбір адамдардың оспадар қылығынан қандай табиғи, тарихи-мәдени жәдігерлердің бүлінгенін толық білмейміз. Ал вандализм дегеннің өзі жабайлықтың, мәдениеттің төмендігінің көрінісі екенін көзі ашық жандардың бәрі мойындайды.

Жуырда «AMANAT» партиясының Jastar ruhy жастар қанаты вандализммен зардап шеккен нысандарды тазалап, қалпына келтіру бағытында акция бастаған. Алғашқы нәтижелер де жаман емес. Ең бастысы, жастар осынау өзекті мәселеге қоғамның назарын аудару білді. Белсенді азаматтар вандализмге қарсы петиция жарияласа, депутаттар



Үкіметке сауал жолдады. Жыл басында вандализмге қарсы заң күшейтіліп, Қылмыстық кодекстегі тиісті бапқа өзгерістер енгізілген. Президент К.Тоқаев бұл мәселені бірнеше мәрте айтты. Биылғы жолдауында «Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келенсіз оқиғалар болып жатады.

9 >>





## ҚАЗАҚ ПЕН ҚЫРҒЫЗ – ТАРИХЫ мен ТАҒДЫРЫ ЕГІЗ ҰЛТ

**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Бішкек қаласында өткен Қырғызстан Жогорку Кенешінің құрылғанына 85 жыл толуына орай ұйымдастырылған халықаралық конференцияға қатысты.**

ТМД елдері Парламенттері палаталарының басшылары мен депутаттары қатысқан іс-шарада сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев алдымен, әріптестерін аталған мерейлі датамен құттықтады. Сенат Төрағасы қазіргі таңда Жогорку Кенеш елдің дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланатын және маңызды шешімдер қабылданатын жалпыұлттық алаң ретінде айрықша рөл атқарып отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ ол өңірде парламентаризмнің ежелден қалыптасқан дәстүрлеріне назар аударды. Олардың негізі құрылтай және халық жиналыстары институты екені анық. Дәл осы жүйелер дала демократиясының негізін қалыптастыруда зор маңызға ие болды. Сенат Төрағасы тәуелсіздік алғаннан кейін елдеріміздің үдемелі дамуы жолында парламентаризм институтының орны ерекше болғанын атап өтті.

«Біз елдеріміз теңгерімді саяси жүйе құру және дамудың өзіндік үлгісін табу жолында түрлі кезеңдерді бастан өткерді. Қазір ТМД елдерінде парламентаризм институты қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Бүгінде ол мемлекет пен қоғамның мүддесіне сай қызмет етіп келеді. Алдағы уақытта да Парламенттеріміз уақыт талабына сай үнемі дамып, жетіліп отыратыны анық», — деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Спикері аймақ елдерінің Парламенттері арасындағы байланыстың жоғары деңгейін тілге тиек етіп, парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың әлеуеті зор екенін айтты.

«Қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Парламенттері арасындағы ынтымақтастық жоғары деңгейде екенін ескеріп атап өткім келеді. Оған біздің халықтарымыздың ғасырлар бойғы тарихи байланысы мен өзара сенімге табан тіреуін қарым-қатынасы негіз болғаны сөзсіз. Парламенттеріміздің қызметі өзара байланысты нығайтуға және халықтарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Заң шығарушы органдар елдеріміздің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, қауіпсіздік, экология және басқа да салалардағы ынтымақтастығына үлкен үлес қосып отыр. Сондықтан парламентаралық өзара іс-қимыл мен диалогті одан әрі белсенді дамытудың маңызы зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар бүгін Сенат Төрағасы ТМД елдері Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысты. Онда ТМД ПАА-ға мүше мемлекеттер делегацияларының басшылары Ассамблеяның 56-шы пленарлық отырысына дайындық барысын талқылады.

Айта кетейік, пленарлық отырыста парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен нығайту мәселелерін жан-жақты талқылау жоспарланған. Атап айтқанда, терроризм мен экстремизмге қарсы қызметті құқықтық реттеуді, экономикалық қауіпсіздікті, зияткерлік меншікті қорғауды және басқа да бірқатар маңызды мәселелерді жетілдіру саласындағы модельдік актілер қаралады.

Сапар аясында Мәулен Әшімбаев Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Төрағасы Танзилла Нарбаевамен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар парламентаралық іс-қимылды арттыру, мәдени және гуманитарлық байланыстарды, сондай-ақ шекара маңындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев Ресей Федералдық Жиналысы Федерациясы Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен екіжақты кездесу өткізді. Онда Қазақстан Парламенті Сенаты мен Ресей Федералдық Жиналысы Федерациясының Кеңесі арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасына сәйкес бірлескен жұмыстың перспективалық бағыттары сөз болды.

Қырғызстанға екі күндік сапар барысында қазақстандық делегация қазақ-қырғыз жастар форумына, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 56-шы пленарлық отырысына және Шыңғыс Айтматовтың туғанына 95 жыл толуына арналған конференцияға қатысуы жоспарлан отыр.

Қырғызстанға сапары аясында Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламенті Сенаты делегациясының мүшелері Қазақ-қырғыз жастары форумының ашылуына қатысты.

Форумда сөз сөйлеген Сенат Төрағасы бауырлас екі халықтың қарым-қатынасының тарихи тереңнен тамыр тартатынын атап өтті. Сондай-ақ ол өзара байланысты одан әрі арттырудың және ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың маңызды екеніне айрықша назар аударды.

«Қазақ пен қырғыз – ежелден іргесі бөлінбеген, тарихы мен тағдыры егіз ұлттар. Қазақстан Пре-

зиденті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан – еліміз үшін тек одақтас ғана емес, бауырлас мемлекет екенін үнемі айттып келеді. Қырғыз елінің басшысы Садыр Нұрғожаұлы Жапаров та қыркүйек айында «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында біздің тарихымыз бір, мәдениетіміз бір, ұранымыз бір деген еді. Екі ел басшыларының бауырластық пен сенімге негізделген қарым-қатынасы барлық сала бойынша ынтымақтастықты бекемдеуге үлкен серпін беріп отыр. Бұл ретте жас буынның, өскелең ұрпақтың өзара достығын нығайту – біздің ортақ міндетіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы бүгінгідей геосаяси тұрақсыздық жағдайында жұдырықтай жұмылып, сын-қатерлерді бірлесіп еңсерудің маңызды екенін айтты. Ол үшін ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан ортақ тарихты біліп қана қоймай, оны зерделеп, одан тағылым алу керектігін тілге тиек етті.

«Біздің ортақ тарихымызда өнеге ретінде көрсетуге тұратын тұлғалық, рухани-мәдени байланыстар аз болмағаны белгілі. Шоқан Уәлиханов қырғыздың атақты «Манас» жырын алғаш рет қағазға түсіріп, оның кеңінен танылуына себепші болды. Сүйінбай мен Арыстанбек, Жамбыл мен Токтағұл, Кенен мен Османқұлдың байланысы да көпке мәлім. Егемен елдік жолында күрескен Алаш қайраткерлері мен қырғыз халқының атақты перзенттері Ишанғали Арабаев, Қасым Тыныстановтың достығы туралы айтпай кету мүмкін емес. Осы орайда қос елдің рухани алыптары Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың аға-інілік қарым-қатынасы бәрімізге үлгі. Сондықтан бауырлас екі халықтың өзара қарым-қатынасының тарихи тереңнен бастау алады. Бабаларымыздың осы жолын әрі қарай жалғастырып, келер ұрпаққа аманат ету – бүгінгі жас буынның кәсіптік борышы», — деп, Сенат Спикері жастарға ақыл-кеңесін айтты.

Қырғызстанға сапардың екінші күнінде Қазақстан Парламентінің делегациясы ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 56-шы пленарлық отырысына қатысты. Біздің депутаттар ТМД елдерінен келген әріптестерімен парламентаралық ынтымақтастықты нығайту, Достастық елдерінің тілдерін дамыту сияқты өзекті мәселелерді талқылады. Сондай-ақ ТМД ПАА-ға қатысушы елдер Парламенттері ынтымақтастығының құқықтық базасын одан әрі нығайтуға арналған бірқатар маңызды модельдік заңдарды қарады. Олар сақталдыру, денсаулық сақтау, органикалық өндіріс, түрлі секторларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларын қамтиды.

Сондай-ақ қазақстандық парламентшілер Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысты. Жыын барысында Мәулен Әшімбаев ұлы жазушының шығармашылығын екі халықтың «алтын көпірі» деп атады. Сенат Төрағасы алып тұлға әлемдік әдебиет тарихында гуманизмнің және адамгершілік құндылықтардың символы ретінде үлкен құрметке ие екеніне назар аударды. Ш.Айтматовтың шығармалары адамның ізгі қасиеттерін және тұлғаның бақытқа, бостандық пен әділеттілікке деген ұмтылысын дәріптейді.

«Шыңғыс Айтматов – халықаралық ауқымдағы жазушы және әлемдік әдебиеттің феномені. Оның шығармалары – гуманизмнің, адами асыл қасиеттердің және адамгершіліктің жарқын көрінісі. Шыңғыс Төрөқұлұлы көпшілікті алаңдатқан іргелі мәселелерді қозғап, әрдайым назар аударып отырды. Олар қазір де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе, бүгінгідей моральдық құндылықтар құнсызданған, популизм, фейк, жалған дүниелер белең алған кезеңде олардың маңызы арта түскені анық», — деді палата Спикері.

Сапар кезінде Мәулен Әшімбаев Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Нұрланбек Шәкиевпен және Тәжікстан Республикасының Оли Мажлиси Милли Мажлисінің Төрағасы Рустами Эмомалимен екіжақты кездесулер өткізді. Сұхбат барысында парламентаралық қарым-қатынастарды нығайту перспективалары талқыланды. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық, сауда-экономикалық және инвестициялық саладағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері де сөз болды.

Өз кезегінде Қырғызстан және Тәжікстан өкілдері Қазақстан Президентінің бастамасымен іске асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің тиімділігіне назар аударып, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың қарқынды дамуына Парламенттер тарапынан ықпал етудің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ олар Мәулен Әшімбаевқа парламентаралық ынтымақтастықты қалыптастыру жолындағы бірлескен жұмыс үшін алғыс білдіріп, барлық бағыт бойынша өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға мүдделі екендерін жеткізді.

## ТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ



**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**

Депутаттардың талқылауына тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Бұл заң жобасында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Отбасы банкі толыққанды даму институтын құру мақсатымен азаматтарды есепке қоюды және тұрғын үйлерді бөлуді орталықтандыруға бағытталған нормалар енгізілген. Сонымен қатар мемлекеттік міндеттерді, әскери қызметті атқару және құқықтық тәртіпті қорғау

кезінде, адам өмірін құтқару кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларын бір жылдан кешіктірмей тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы және тағы басқа да бірқатар маңызды норма қарастырылып отыр.

Жалпы отырыста депутаттар ратификацияланатын заң жобаларын қарайтын болады. Олар: Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттама, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама.

Мәжіліс комитеті азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жұмысқа алады.

## 50 МИЛЛИОН БОПСАЛАҒАН



**Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаменті Ұйымдастырған қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері өңірдегі бір сауда желісінің қасиеттерінен 50 миллион теңге бопсалаған Петропавлдың екі тұрғынын ұстады. Олар өлкеге белгілі блогерлер болып шықты.**

Қаладағы сауда орындары бірінің директорынан түскен арыз бойынша жедел іс-шара жүргізген ҰҚКБ қызметкерлері 33 және 34 жастағы екі жігітті ұстады. Олар әлеуметтік желілерде тұтынушылардың құқықтарын қорғауға арналған ресурстардың авторлары ретінде көпшілікке жақсы таныс қала тұрғындары болып шықты. 2022 жылдың басынан бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғауды ұран еткен олар Петропавлдың сауда нүктелерінде рейдтер жүргізіп отырған. Блогерлер ретінде сауда желісі қызметкерлерінің қатысуымен арандатушылық сипаттағы бейнероликтер түсіріп, полиция қызметкерлерімен жанжалға барған. Алайда олар желідегі аудитория арасында зор танымалдыққа ие

емес: YouTube арнасы мен Instagram желісінде бірнеше мың ғана жазылушысы бар, көпшілігі СКО тұрғындары. Арандатушылық пен жанжалдар кезінде мерзімі өткен өнімді сату фактісін желеу етіп жүрген. Алайда кей жағдайларда – шоколад, сусындар сияқты тауарлардың ақшасын төлемей, өздерімен бірге алып кетіп отырған. Күдіктілер рейд жасаумен қатар мемлекеттік органдарға сауда орындарында анықталған заңбұзушылықтар туралы шағымдар жіберген. Сөйтіп, бизнесті жоспардан тыс тексеруге себеп тулдырған. Қыркүйек айының басында олар бопсалау арқылы сауда желісінің өңірлік директорынан өз әрекеттерін тоқтатуға 50 млн теңге сомасында ақша талап ете бастаған. Осылайша, СКО ПД ҰҚКБ қызметкерлері оларды бопсалаған ақшаның 5 млн теңгесін алып жатқан жерінде қолға түсірді. Қылмыстық кодекстің 194-бабы 2-бөлігі 2-тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Қазір тінту шаралары мен тергеу әрекеттері жүргізілуде. Олардың нәтижелері бойынша түпкілікті процесстік шешім қабылданатын болады.

## STARLINK ҚОССАҢ – АЙЫППҮЛ

**Қазір ғаламторда SpaceX компаниясының Starlink интернет технологиясына арналған құрылғылардың сатылатыны туралы жарнамалар қаптай бастады. Бұл қаншалықты заңалы?**

Астана қаласында өткен баспасөз мәслихатында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитеті Байланыс саласындағы бақылау басқармасының басшысы Диас Төлегенов осы сұрақтың жауабын берді.

«Қазір оны дәл осы нұсқада пайдалану қолданыстағы заңнама талаптарын бұзады, себебі бұл қауіпсіздіктің кейбір ережелеріне сай келмейді. Бұл

тұрғыда, пилоттық жоба аясындағы техникалық жұмыстар аяқталып, яки еліміздегі мектептер Starlink-ке қосылып, заңға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін аталған құрылғыларды жеке адамдардың пайдалануы заңсыз болып есептеледі», — деді ол.

Ал заңнамаға түзетулер енгізілгеннен кейін қазақстандықтар бұл жабдықтарды пайдалана алады. Оның айтуынша, осы құрылғыларды заңсыз қосқандар бастапқыда ескерту алады екен. Одан соң тағы қайталанар болса, 10 АЕК сомасында айыппұл салынады. Естеріңізде болса, биылғы қазан айында 10 ауылдық мектеп SpaceX компаниясының Starlink технологиясы арқылы тегілік режимде кеңжақты интернетке қосылатыны хабарланған болатын.

## БИЗНЕСТІҢ КЕДЕРГІЛЕРІН АЗАЙТУҒА МҮДДЕЛІ



**Кәсіпкерлік қызметті реттеу ісін «таза парақтан» бастау, сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру мәселесі «AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында талқыланды.**

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева кейінгі екі жылда Үкімет пен Парламент кәсіпкерлік қызмет саласына жана реттеу саясатын енгізу мақсатында заңнамалық база әзірлеп жатқанын атап өтті.

«Біз көбіне-көп ескірген кенестік нормаларға жапсарланған жана талаптарды қабылдадық. Сонымен қатар реттеуші күшті қолданудың әсерін, орындылығын бағалау тұрғысынан әдістемелік де өзгерту қажет болды. Жана реттеу саясатын енгізу туралы заңға 2021 жылы қол қойылды. Бұл реформаның негізгі ережелері мен қағидаларын анықтайтын тек бірінші пакет еді. Ал екінші пакет қазір Парламентте. Заң жобасында бизнес-процестерді онтайландырудан және кедергілерді жоюдан басқа, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жана форматтарын енгізу көзделген. Барлық саладағы артық реттеуші талаптарды алып тастау – бұл «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндет», – деді Екатерина Смышляева.

Депутат «Атамекен» ҰҚП сарапшыларымен бірлесіп жана реттеу саясатын енгізу үшін заңнамаға түзетулердің үшінші пакеті әзірленгенін айтты. Бұл қадам кәсіби өзін-өзі реттейтін ұйымдарды дамыту мәселесіне қатысты болып отыр.

Реттеу саясатын енгізу туралы заң тұтынушылардың, экологияның, азаматтардың және тұтастай мемлекеттік қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды күшейтуге мүмкіндік берді. Бұл туралы Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жаксылықов айтты.

«1 in 2» қағидаты қолданылады. Бұл – жана талап енгізілген кезде қолданыстағы екі талаптың күшін жоюды көздейді. Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізімі құрылды. Бұл жұмыс биыл 1 қантардан бастап Smart Data Ukimet платформасында автоматтандырылған режимде жүргізіледі. Үкіметке кәсіпкерлік қызметті жетілдіруге бағытталған түзетулер пулы енгізіліп, кейін ол бизнес жүргізу мәселелері жөніндегі заңға енді», – деді ол.

Вице-министрдің айтуынша, жана реттеу саясатында 5 негізгі құрал бар. Бұл бизнеске қойылатын рұқсат беруші және міндетті талаптар, мемлекеттік бақылау, ақпараттық құралдар, өзін-өзі реттейтін ұйымдар. Барлық талап онтайландырылып, лицензиялау процесі жеңілдетілді. Сондай-ақ ақпараттық құралдар саны 2 есе қысқарды.

«Былтыр жыл басында Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуде бизнес субъектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін толық автоматтандыруды аяқтауды тапсырды. Бұл бастама тексерулер жүргізу кезінде адами факторды болдырмауға мүмкіндік береді. Бүгінде қолда бар 96 бақылау саласының 71-і автоматтандыруды қажет етеді. Оның 35-і былтыр автоматтандырылды. Қалған 36 саланы биыл Smart Data Ukimet платформасы негізінде автоматтандыру жоспарлануда», – деді Тимур Жаксылықов.

«Кәсіби бағдарламашылар лигасы» ҚБ басшысы Евгений Максимов жасанды интеллектті пайдалану және бизнесті бақылау процесінде ашықтықты қамтамасыз ету мәселесіне қатысты алаңдаушылық танытты.

«Бір министрліктің барлық дерлік кәсіпкерге жоғары тәуекелді дәрежесін белгілеген тәуекелдерді басқару жүйесі кәсіпкерлік ортада айтарлықтай толқу тудырды. Дәл сол жерде жасанды интеллект пайдаланылған еді. Менің ойымша, шешім қабылдау алгоритмін қайталама тексеріп, оны барынша ашық ету керек. Алайда бүгінде тәуекелдерді басқару жүйесінде

жабық критерий бар. Соның кесірінен көлеңкелі аймақ пайда болады. Тиісінше, тексеруші органдар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа және өзге де тәуекелдерге жол ашылады», – деді Евгений Максимов.

Өз кезегінде, «Атамекен» ҰҚП Өзін-өзі реттеуді дамыту комитетінің төрағасы Екатерина Никитинская егер реттеу саясатының ағымдағы моделінде мемлекет кәсіптік және кәсіпкерлік қызмет субъектілерін бақылауды жүзеге асыратын болса, онда жана модельде мемлекет бір ғана өзін-өзі реттейтін ұйымды бақылайтынын мәлімдеді.

«Бүгінде өзін-өзі реттейтін ұйым атануға ниетті қауымдастықтар уәкілетті органмен стандарттар жүйесін құрып, бекітуі тиіс. Алайда елімізде бұл жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді. Яғни, мемлекеттік органдар өзін-өзі реттейтін ұйымдар өздігінен пайда болады деп күтіп отыруына болмайды. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйымға айналуы мүмкін әлеуетті қауымдастықтармен жұмыс істемейді. Біз тек реттеуші әсерге және нарықтың дайындығына талдау жасап жатырмыз. Ал анығында, ортамерзімді кезеңде, тіпті қолдан келсе ұзақмерзімді кезеңде дәйекті жұмыс пен іс-қимыл бағдарламасын құру қажет. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйымдарды дамыту үшін алдағы 3 жылда не істейтінін жоспарлап алуы тиіс», – деді ол.

Отырыс соңында комитет мүшелері мемлекеттік органдарға арналған бірқатар ұсыным қабылдады. Яғни, деректерді реттеу мәселелері бойынша тиісті заң жобасымен және цифрлық кодекспен жұмыс істеу кезінде жасанды интеллектті кеңінен пайдалану тәуекелін ескеру, кәсіби өзін-өзі реттейтін ұйымдарды дамыту мәселелері жөніндегі заң жобасын тиісті сараптамаға жіберу қажет. Сонымен қатар партиялықтар бақылау және қадағалау жүйелері бөлінгенді цифрландыру сапасы мәселесі, сондай-ақ тәжірибелі құқықтық режимдерді енгізу мәселесі бойынша жеке отырыс өткізуді көздеп отыр.

## ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТТІ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМАҢ

**«AMANAT» партиясының әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, адамдарды кітап оқуға ынталандыру, отандық кітап шығарушыларды қолдауға бағытталған «Кітап-AMANAT» жобасы жалғасуда. Бүгін Көкшетау қаласында кезекті кітап орталығы ашылды.**

Бүгін Көкшетау қаласында өңірдің мәдени өміріндегі маңызды қадам болған «Кітап-AMANAT» кітап орталығының ашылуы өтті. Оған зиялы қауым өкілдері, партия ардагерлері, қоғам қайраткерлері қатысты.

Жазушы-драматург Жабал Ерғалиев қоғамның мәдени келбетін қалыптастырудағы рөліне тоқталды.

«Қазір кітаптың құлпытін қалыптастыру және жас ұрпақты кітап оқуға бейімдеу – қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. «AMANAT» партиясы кітап орталықтарын ашу және кітап оқуды дәріптеу арқылы жас ұрпақты тәрбиелеудің он бастамасын көтеріп отыр. Бұл – баршамыз қолдайтын игі іс», – деді ол.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Наталья Дементьева кітап орталығында әркім өз талғамына сай кітаптарды тауып қана қоймай, сонымен қатар әдебиетсүйер қауымның бас қосып, пікір алмасатын орны болатынын атап өтті.

«Кітап-AMANAT» жобасы – отандық әдебиетті қолдау бағытындағы маңызды қадам. Кітап – бұл білім құралы ғана емес, сонымен бірге рухани қазына. Оқу ақыл-ойды қалыптастырады және тұлғаның



дамуына көмектеседі. Бұл – біздің қоғамның болашағына жасалған инвестиция», – деді ол.

Іс-шара барысында жас ақындар – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің студенттері өз өлеңдерін оқыды.

Осындай кітап орталықтарын Бурабай, Целиноград және Ерейментау аудандарында да ашу жоспарланып отырғанын айта кеткен жөн.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне, ұлттық мүддеге сай келетін кітаптар басып шығаруға ерекше назар аударған болатын. Ол кітап шығару ісі идеологиялық жұмыстың

басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Осылайша, «AMANAT» партиясы мен Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығы арасында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, нақты жоспары бекітілді. Жыл соңына дейін «AMANAT» партиясының филиалдары жанынан барлық облыс, қала, тіпті, аудан орталықтарында кітап орталықтарын ашу жоспарлануда. Құжат аясында баспагер орталықтарды қолжетімді бағамен қажетті кітап қорымен қамтамасыз етеді. Мұнда тек еліміздегі авторлардың емес, сонымен қатар қаза тіліне аударылған әлемдік бестселлерлер де қойылады.

## ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ ПАРАСАТТЫ ҚОҒАМҒА БАСТАЙДЫ

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанатын дамыту жұмысы жалғасып жатыр. Оның басты бағыты – қыз-келіншектерді қоғамдық өмірге, саяси көшбасшылыққа тарту, олардың әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыру. Бұл туралы Түркістан облысына жұмыс сапарымен келген «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Қаринова мәлімдеді.**

Әйелдер активінің мәжілісіне облыстың барлық аудан, қалаларынан қоғам белсенділері санатындағы әйелдер делегациялары қатысып, Қазақстанның жана саяси мәдениеті аясында әйелдердің қоғамдағы рөлін ілгерілету мәселесін талқылады.

Жиынды ашқан «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Үмбеталиев халқының тең жартысы әйелдер болып табылатын өлкеде әйел-аналардың саяси белсенділігі артып келе жатқанын жеткізді. Ол облыстағы 82 мыңнан астам партия мүшесінің 66,6 пайызы, облыстық мәслихат құрамының 13 пайызы әйелдерден тұратынын атап өтті. «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Қаринова әйелдер қанатын құру және оның қызметі әйелдердің күн тәртібін ілгерілету мәселесінде партияның әлеуетін нығайтуға серпін береді деп мәлімдеді.

«Әйелдер қанатының жұмысы әйелдердің әлеуметтік, құқықтық және басқа да проблемаларын шешуде үлкен тәжірибесі бар, партия мүшелері болып табылатын танымал, беделді қыз-келіншектердің қатысуымен он басым бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдерді қолдау, ауылдағы әйелдердің арасында кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесу, ғылымдағы әйелдерді қолдау, жанадан қабылданатын заң жобаларына гендерлік сараптама жүргізу және қазақстандық қоғамда әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту бойынша басқа да өзекті мәселелер бар», – деп атап өтті партия хатшысы.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев өңіріміз демографиялық өсімі жоғары аймақ екенін атап өтіп, ана мен бала құқығын қорғау, әйел азаматтардың жан-жақты дамуына жағдай жасау басты міндет екенін жеткізді.

«Аймақта 177 мыңнан астам көпбалалы ана тұрады. Оның 15 мыңнан астамы – «Алтын алқа», 43 мыңнан астамы «Күміс алқа» иесі. Облыстың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 32%-і әйелдер жетекшілік етеді», – деді ол.

«AMANAT» филиалы жанындағы әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту мәселелері жөніндегі кеңесші болып облыстық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қалыйма Жантөреева тағайындалды.



«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының орынбасары, облыстық мәслихат депутаты Қалыйма Жантөреева партия филиалының бастамасымен өңірдегі саяси процесстерде әйелдер белсенділігін арттыру жұмысының барысын баяндап, партия жанындағы консультативтік-көмекші органдар мен комиссиялар құрамындағы әйелдер көтерген қоғамдық мәні бар бастамалар жөнінде кеңінен мағлұмат берді.

Сонымен қатар жиында Қ.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің ректоры, облыстық мәслихаттың депутаты Жанар Темірбекова, Түркістан облыстық Жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік даму басқармасының басшысы Әсия Темірбаева, Түркістан қаласы оқушылар сарайының директоры Индира Исаева, Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Әдемау Толыбаева, «Түлкібас әк зауыты» ЖШС директоры Перизат Абдыбекова, Түркістан облысы бойынша «Атамекен» ҚР ҰҚП өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ербол Ауелбеков хабарламалар жасады.

Жиын барысында оған қатысушылар әйелдердің саяси көшбасшылығын дамыту мен ілгерілетуге бағытталған ұсыныстарын білдіріп, өзара пікір алмасты.

Түркістанға жасаған жұмыс сапары аясында «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Қаринова «Қамқорлық жанұя» орталығына барып, әлеуметтік тұрғыда осал топқа жататын тұрғындарға қолдау көрсетуге арналған мүмкіндіктермен танысты. Қызметін осыдан бір жыл бұрын бастаған орталық отбасы институтын нығайту міндетін атқарады.

Орталық әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың тұрмыстық ахуалын түзеуде қоғамда кең сұранысқа ие кондитерлік, аспаздық, сервистік қызмет көрсету, шаштараз, тігіншілік өнер, колөнер, массаж, эстетикалық косметология мамандықтары бойынша оқу курстарын ашып, жұмыссыз азаматтардың белгілі бір мамандық иесі болуына жәрдем көрсетеді. Сондай-ақ орталық әлеуметтік қолдауға зәру отбасылардың мұқтаждықтарын анықтау, тұрмыстық қиын жағдайға түскен азаматтарға психологиялық қолдау көрсету, оларды қажеттіліктерге байланысты бейімдеу шараларына қатыстыру, құқықтық және ұйымдастырушылық кеңестер беру, меценаттық көмекке мұқтаж отбасылармен ықпалдастықты арттыру міндеттерін атқарады.

Сондай-ақ Шолпан Қаринова Түркістан қаласындағы Мырзахан Пашанов атындағы №21 жалпы орта мектебінде инклюзияны қолдау сыныбының қызметімен танысты. Бұл – инклюзиялық қоғамды дамытуға бағытталған кең ауқымды іс-шаралар шеңберінде арнайы дизайн-жобамен түзілген республикадағы 16 кабинеттің бірі.

Партия хатшысы Түркістан өңіріне жасаған жұмыс сапарын қорытындылай келе, ана мен балаға қамқорлық мемлекеттік саясаттың басымдығына не бағыты екенін атап өтті. Ол көпбалалы аналарға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетуде «AMANAT» партиясы жүйелі жұмыстарды жалғастыратынын айтты. Партия бұл бағытта қыз-келіншектердің, әйелдердің сапалы білім алуын, мемлекеттік және басқа да қызметтерге белсенді араласуын тұрақты ынталандыратынын мәлімдеді.

## КӨМІР ҚОРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ

**«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері өңір тұрғындарын қатты отынмен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкерлердің жұмысымен танысып, көмір қорына, бағасына мониторинг жүргізді.**

Жалпы, облыс аумағында 41 өңірлік оператор және 11 көмір қоймасы бар. Мамандардың айтуынша, алдағы қысқа 238 мың тонна көмір қажет. Бүгінде осының басым бөлігі жеткізілген. Осылайша, Партиялық бақылау комиссиясының өкілдері Khas сот жеке кәсіпкерлігі қоймасына барды. Байқағанымыздай, мұнда көмір тапшылығы жоқ. Қоймада 10 мың тоннадан астам «Шұбаркөл» көмірі бар.

«Биыл 80 мың тоннаға жуық көмір алдырдық. Тоннасын 18 мың теңгеден сатып жатырмыз. Осы уақытта қоймада мұнша көлемде көмір болмай-



тын. Қазір тұрғындардың басым бөлігі табиғи газға қосылғандықтан, сатып алушылар да бұған дейінгі жылдармен салыстырғанда аз. 6 қарашада жеткізілген көмір бағасы бізге – 18 200 теңге. Дегенмен біз өзiрге бағаны бұрынғы қалпында ұстап отырмыз. Бұдан кейін жеткізілетін көмір бағасы өзгеруі

мүмкін», – деді Khas сот жеке кәсіпкерлігінің иесі Рустем Хасанов.

Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері бағаны тұрақты деңгейде ұстап тұру жөнінде ұсыныс айтып, қатты отынға тапшылық болмауын қатаң бақылауда ұстайтынын жеткізді.



## «ТАСБАҚА ТАСТЫҢ» ТАҒДЫРЫ

**Жетісу облысының аумағында табиғаттың небір тамаша тартулары, ерекше жерлер мен тарихи орындар, ежелден жеткен ескерткіштер баршылық екенін және олардың дені ескеруісиз жатқанын бұған дейін бірнеше рет жазған едік. Кейінгі кезде Талдықорған маңындағы саяжайлар аумағында да осындай орындар бар екені және олардың қараусыз, қорғаусыз қалғаны, вандалдардың ойрандай бастағаны туралы айтыла бастады. Қарашаның 8-і күні «AMANAT» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау алаңында партия Хатшысы Руслан Әлішевке Талдықорған қаласының эко-белсендісі арнайы келіп, вандалдар сақ қорғандарына нұқсан келтіріп жатқанын және өңірдегі құнды тарихи нысандардың маңында өнеркәсіп жұмысы жүргізіліп жатқанын айтып, шағымданған еді. Хатшы партияның облыстық филиалына партиялық бақылау комиссиясын жүргізіп, мәселені қарауды тапсырған еді.**

Осыған байланысты «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының жанындағы партиялық бақылау комиссиясы экологиялық және жастарды қолдау жөніндегі кеңестердің бірлескен отырысы да өтті. Жиын барысында Жетісу облысының тарихи-мәдени және табиғи мұраларын вандализмнен қорғауға бағытталған жұмыстары талқыланып, Карпин орманшылығының өртке қарсы жолын Бұрхан-бұлақ сарқырамасына дейін қайта қалпына келтіру және Текелі қаласындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенін, Қаратал ауданы Көпбірлік ауылындағы блоктық-модульдік конструкциялық құрылысты салу мәселелері назарға алынды. Отырыс жұмысына археологтер, экологтер, қоғам белсенділері және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

«AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын қоғам мен мемлекет меншігіндегі, қорғауындағы нысандарға, мүліктердің сыртына таңба, сурет салу, шимайлау, ластау әрекеті тоқтамай тұрғанын айтты. Мұның залалы мен зардабы жетерлік екенін еске салып, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында вандализммен күресу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қолға алынғанын атап өтті. «AMANAT» партиясы тарапынан вандализммен күресу бойынша жатқан жұмыстарға тоқталды.

— Соңғы кездері көше бойында орналасқан архитектуралық кіші формалар мен ескерткіштерді, аялдамалар мен саябақтарды, жалпы қоғамдық орындардағы қала тұрғындары үшін жасалған мүліктерді қирату, бүлдіру сияқты әрекеттер белен алуда. «Жастар Рухына» топтасқан жетісулық рухтасар «Вандализмге жол жоқ!» деген ұранмен экоакция өткізді. Ұйымдастырушылар «Алтын Адам Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің өкілдері және еріктілермен бірлесіп, Талдықорған қаласындағы «Қызыл тас» саяжайын қоқыстан тазартты. Бұған қоса, ел арасында «Тасбақа тас» аталып кеткен табиғат туындысындағы түрлі шимай мен суретті өшіріп, осы жерде орналасқан ерекше тастар кешеніндегі тасқа қашалған таңбалардың басым бөлігі вандализм әрекетіне ұшырағанын атап өтті.

Жетісу жеріндегі тарихи-мәдени және табиғи мұраларды вандализмнен қорғауға бағытталған жұмыстар туралы Жетісу облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мәдени мұра және кітапхана ісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы Гүлмира Қалқабаева баяндады. Оның айтуынша, «Тасбақа тас» аталып кеткен табиғат туындысы ескерткішке

жатпайды немесе қасиетті орын болып саналмайды.

— Жетісу облысында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы саны — 1 154, оның ішінде ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұра тізімінде 1, республикалық маңызы барлар санында 6 ескерткіш бар. Талдықорған қаласы аумағында жаңадан анықталған барлық археологиялық ескерткішке құжатталдыру жұмыстары жүргізіліп, Қызылтас ескерткіштеріне ақпараттық тақта қойылды. «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау мақсатында биыл 85 ескерткішке QR код орнатылды, — деді сөзінде Гүлмира Мәлікқызы.


Бірақ бұдан тарих және мәдениет ескерткіштер санатына жатпайтын, былайғы жұрт қасиетті немесе тарихи орын санайтын орындар, көпшіліктің көзайымына айналған табиғи туындылар, ерекшелігімен елді тартатын жерлер қиратылып, бүліне берсін деген ой тұмауы керек. Еліміздің бар байлығы, бай табиғатымен, ерекшелігімен, ескерткіштерімен бәрімізге ортақ және оны келешек ұрпаққа сол қалпында аманаттау біздің парымыз екенін есте ұстаған жөн. Өкінішке қарай, тиісті орындар осыны жете түсінбейді және жалпақ жұртқа дұрыс жеткізбейді.

Бұған дейін де партиялықтар табиғи туындыларды қорғау акциясы аясында «Тасбақа тас» аталып кеткен табиғат туындысындағы түрлі шимай мен суретті өшіріп, сенбілік өткізіп, 20 капқа жуық коксы жинады. Дәл осындай экоакция Жетісу облысының Панфилов, Кербұлақ, Ескелді, Алакөл аудандары мен Текелі қаласында ұйымдастырылды. Олар ескерткіштердегі, сакральды орындар мен тастардағы таңбаларды вандалдар жазып кеткен түрлі жазудан тазартыпты.

«Қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту сонымен қатар жастардың бойында патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру үшін экоакцияны тұрақты ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз», — дейді «Жастар Рухы» ЖК Жетісу облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Ақболатов.

Сонымен қатар Карпин орманшылығының өртке қарсы жолын Бұрхан-бұлақ сарқырамасына дейін қайта қалпына келтіру және Текелі қаласындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, Қаратал ауданы Көпбірлік ауылындағы блоктық-модульдік конструкциялық құрылысы туралы есеп тыңдалды.

**Болат АБАҒАН,**  
Жетісу облысы



## БОЛАШАҚ – БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕНШІСІНДЕ

**Бизнестің цифрлық трансформациясының дамуы, геосаяси жағдайдың шиеленісуі және киберқауіптердің күшеюі кезеңінде деректерді қорғау мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Сондықтан бүкіл әлемде мәліметтерді өңдеу орталықтарының (ДӨО) қызметтеріне сұраныс айтарлықтай қарқынды өсуде.**

Кәмила ЕРКІН

Бұған Synergy Research Group зерттеуі дәлел. Сарапшылардың пікірінше, бір жылда гиперкумды дата орталықтарының саны 14,2%-ға өскен. Бұл үрдіске ықпал еткен негізгі факторлардың бірі — коммерциялық және мемлекеттік ұйымдардың бұлтты технологиялар қызметіне жаппай көшуі. Қазақстан нарығында да дата орталықтарының саны біртіндеп артып келеді.

Бұлтты аналитика дегеніміз — есептеу технологияларын пайдалана отырып, ауқымды деректерге талдау жүргізу. Мұндай қызмет көрсететін компаниялар үлкен деректерден жинақталған ақпараттарды пайдаланушыларға саралауға жеңіл форматта ұсынуға көмектеседі. Дегенмен бұлттық аналитика — дәстүрлі сараптамалық әдістерге тиімді балама. Өйткені дәстүрлі талдау тәсілдерімен жұмыс істейтін деректерді өңдеу орталықтарын ұстау ауқымды жұмысты талап етеді. Сондай-ақ деректер қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қосымша бақылауды қажет етеді. Бұл — өте қымбат және басқаруы қиын процесс. Ал бұлтқа негізделген талдау жүйелері қызмет көрсету үлгісін жетілдіруге және артық шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жаһандық Grand View Research компаниясының зерттеуінше, дүниежүзілік үлкен деректер нарығының көлемі 2022 жылы 483,98 миллиард АҚШ долларына жеткен. Ол 2023-2030 жыл аралығында жыл сайын орташа есеппен 14,1 пайызға өсіп отырады деген болжам



жүргізуді тапсырамын. Бұл іске Amazon, Google, Mastercard және Citigroup сияқты әлемге танымал компанияларды тартуға болады. Жақында Нью-Йорк қаласына жасаған сапарымда аталған компаниялардың басшыларымен кездестім. Тиісті уағдаластықтарға қол жеткіздік, — деді Мемлекет басшысы.

Жаңа технологияларды енгізу бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беру арқылы іскерлік ортаның дамуына жол ашады. Мысалы, банктер клиенттермен дауыстық байланысты автоматтандыру арқылы тұтынушыларға жаңа бағыттағы қызметтерді ұсына бастады. Маркетплейстерді де солардың қатарына жатқыза аламыз. Дегенмен деректерді жинаудың, алмасудың және сақтаудың заманауи және қауіпсіз жүйесін құрмайынша Қазақстанның цифрлық трансформациясы мүмкін емес. Мәселенің жалғыз және ең тиімді шешімі — деректер орталығы индустриясы. Осындай мекемелерді салуға арналған жетекші жабықтарды жеткізуші Schneider Electric компаниясының сату жөніндегі директоры Денис Вайнер Алматыда өткен ауқымды IT форумда 2025 жылға қарай деректердің жаһандық көлемі 500 пайызға өсетінін айтқан болатын. Бұл деректерді өңдеу орталықтары сөзсіз дамуы керек дегенді білдіреді.


Yandex Cloud CIS сату жөніндегі директоры Сергей Сорокиннің пікірін-

пияларды сақтау және АТ жүйелеріндегі осалдықтарды сканерлеу қызметтерін ұсынады. Бұлтты қызметтің қауіпсіздігін халықаралық сертификаттар арқылы тексеруге болады.

Орталық Азия және Моңғолия бойынша Google for Developers және Google for startapers координаторы Асқар Айтұовтың пікірінше, еліміздегі деректерді өңдеу технологияларының даму динамикасы тұрақты.

— Орталық Азия бойынша Қазақстан экономикасы маңызды рөлге ие. Осыдан 10 жыл бұрын Қазақстандағы IT нарығы қандай еді? Ол кездері IT маманы жай ғана электронды сауда немесе банк қосымшалары саласындағы веб-әзірлеуші деңгейінде болатын. Бүгінде біз көріп жүрген әдемі әрленген FinTech емес, керісінше банк билингі немесе телеком айналасындағы жобалар еді. Одан кейін бірте-бірте мобильді қосымшалар нарыққа шыға бастады. Нәтижесінде, 1-2 адамнан тұратын команда нарыққа мобильді қосымшаларын жасап ұсына алатын. Бұл стартап қозғалыстардың пайда болуына әсер етті. Биыл деректерді сақтау және өңдеу технологияларында да осындай тенденция байқалады. Өйткені қазіргі кезде Қазақстан, Орталық Азия аумағында бұлттық технологиялар ақпараттарды жай ғана сақтаудан тыс күрделі функцияларды атқарады.

### ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НАРЫҒЫ



бар. Бизнеске цифрлық операцияларды жақсарту қажет болғандықтан, дамушы елдерде бұлттық технологиялар қызметтерінің танымалдылығы артып келеді. Соңғы жылдары бұл Қазақстандағы IT бизнестің де ажырамас бөлігіне айналды. Мысалы, 2022 жылы еліміздегі бұлтты технологиялар нарығының көлемі 23,72 млрд теңгеге жеткен. Салыстыра айтқанда, өткен жылдан 44,8 пайызға артық. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы аталмыш нарық жалпы әлемдік трендтерге қарағанда жылдам өсуде. Бұл — дамушы экономикалар үшін кең таралған тенденция. Үшінші әлем елдері жоғары технологияларға сәл кейінірек қол жеткізгенімен, оған тез бейімделіп, кең таралуына жағдай жасауға мүдделі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge форумында сөйлеген сөзінде Үкіметке екі жыл ішінде жасанды интеллектке мамандандырылған дата-орталықтардың құрылысын қамтамасыз етуді тапсырды.

— Инфрақұрылымды дамытқан кезде IT өнім әзірлеушілердің қажеттілігі әрдайым алдын ала ескерілуге тиіс. Ең алдымен, біз есептеуші орталықтардың қуатын арттыруымыз қажет. Үкіметке екі жыл ішінде жасанды интеллектке маманданған дата-орталықтардың құрылысын

ше, үлкен деректерді өңдеу және сақтау бизнестің өсуіне ықпал етіп қана қоймай, ақпараттық технологияның инфрақұрылымына жұмсалатын қыруар қаржыны үнемдеуге көмектеседі. Себебі бизнес профестердің біршама бөлігін бұлтты технологиямен алмастырғанда, аутсорс компаниялар инфрақұрылымға қызмет көрсетуді өз мойнына алады. Екіншіден, ауқымды мәліметтерді арнаулы мамандар басқарып өңдейтіндіктен, кәсіп иелері пайдаланылған ресурс үшін ғана қаражат жұмсайды. Мысалы, интернет дүкендерде науқан кезеңінде сұраныстың өсуі заңды. Осы уақытта веб-сайттарға, веб-қосымшаларға жүктеме артады. Бұлтты технологиялар ресурстарды осындай жағдайда тез және икемді түрде масштабтауға және клиенттерді жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Бірақ кибершабуылдарды болдырмау үшін қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңызды ешкім жоққа шығарған жоқ. Сергей Сорокиннің айтуынша, бұлтты провайдерлер on-premise инфрақұрылымына қарағанда қауіпсіз контур ұсынады. Олар деректерді сақтау және өңдеу қауіпсіз болатын қызметтерді әзірлейді. Сонымен қатар провайдерлер DDoS шабуылдарының алдын алу, құ-

былтыр қарашадан бері Chat GPT жасанды интеллект бағытында үлкен серпіліс жасағанын білеміз. Осы кезден бастап нарықтағы ең мықты компанияның барлығы оның баламасын ұсына бастады. Бұл бұлттық технологиялардың дамуына дем берді. Бүгінде бәрі жасанды интеллекттің әлеуетін пайдалануға тырысады. Мысалы, Google Cloud, Брет технологиясы іздеу жүйесінен тысқары жұмыс істейді. Сіз іздеу жүйесіне бір нәрсені жазғанда соған қатысты ақпараттарды сізге шығарып беретін осы брет технологиясы немесе мәтінді жасайтын PaLM атты нейронды жүйе бар. Осы технологиялар адамдарға өз стартаптарын немесе қосымшаларын жасауға мүмкіндік береді, — дейді ол.

«Қазтелеспорт» компаниясының деректеріне сүйенсек, қазақстандық деректер орталықтарындағы сөре орындары жыл сайын 400-500-ге артып отырады. Сәйкесінше, еліміздегі деректерді өңдеу мекемелеріндегі жалға берілетін тірек кеңістігіне деген сұраныс жыл сайын 30-35 пайызға өспек. Сондықтан бүгінде бизнесті кеңейту туралы сөз болған жерде үлкен деректермен жұмыс істеу қажеттілігінің туындауы — заңдылық.







«Қазақ малын жасырады. Жасырмайтыны кемде-кем». Бұл – 1916 жылғы санаққа қатысты сөз. Авторы – көрнекті қайраткер, ақын Сәкен Сейфуллин. 2025 жылы елімізде ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтетіні белгілі болды. Алдағы санақ бар мен жоқтың арасын нақты ашып көрсете ала ма? Оған дайындық қаншалықты пысықталып жатыр?

# САНАҚ САПАНЫ АНЫҚТАЙ МА?

Бауыржан БАЗАР

Расында, қазақ малының нақты есебін неге жасырады? Бұл мәжбүрлік пе, әлде әдет пе? Жоғарыдағы сөз Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романынан алынып отыр. Ақын 1916 жылы мамыр айында Омбының мұғалімдер семинариясын бітіріп Ақмола уезіне келген соң қазақ даласында жүргізіліп жатқан ауыл шаруашылығы санағына қызметке кіреді. «Біз бес кісіміз. Аралап есебін алатын еліміз – он екі болыс ел», – деп жазды автор романда. Бұл – қазақтың патшаға қараған тұсындағы жасалған есеп-қисап.

Бірінші бүкілресейлік ауыл шаруашылығы санағы 1916 жылы мамыр-тамыз айлары аралығында өткізіліп, 77 губерния мен облысты қамтығаны белгілі. Алайда ол санақ I дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан кезде жасалғандықтан, нәтижесі де мардымсыз болды. Әскер жұмысына қазақтан адам алу туралы патша жарлығы шығып, ел ішінде дүрбелең туып тұрғандықтан, есепшілер болыс пен старшындар дайындап берген есепті жинастырып қайтады.

Он алтыншы жылы халықтың үкіметтен мал-мүлкін жасыруының жайы түсінікті. Ол кез отар елдің бойын үрей мен күдік қатар билеп тұрған уақыт. Одан кейінгі уақыттарда арылмай келе жатқан «фобиялардың» мәнісі неде? Экономика ғылымдарының докторы Атамұрат Шәменовтің пікірінше, меншік дүниені көзден таса ұстау кеңестік кезеңде тіптен қатты белең алды. «Ол кезде саясаттың өзі артық мал ұстатпайтын болғандықтан, адамдардың санасына сол психология өбден сіңірілді. Дегенмен ол кезде де «ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» деп есебін тауып, аздап мал ұстағандар болды. Ал жаппай атакәсіппен айналысуға мүмкіндік берілмеді. Төрт түліктің бәрі мемлекет меншігінде болды. Қазіргідей нарық заманында іріктеліп шыққан іскер жандардай емес, ол кезде мал бағуға икемі, ебі жок адамдар да малдың соңында жүретін», – дейді ғалым.

Қош, сонымен ауылдағы мал-мүлкінің үлкен санағы 2025 жылы өтпек. Оған дейін келесі жылы тамыз айында барлық өңірде пилоттық зерттеу жүзеге асырылады. Қазіргі сәтте Үкіметке қарасты ведомстволар ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі Жол картасын әзірлеуге кірісіп кетті. Биыл 13 маусымда өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов ресми дереккөздердегі мәліметтерде орта есеппен 20%-ға алшақтық барын айтқан. «Дәл осы мәселені шешу үшін ауыл шаруашылығы санағы жүргізілуі керек», – деп атап өтті Премьер.

Айта кетейік, екі жылдан кейін өткелі тұрған шара еліміз егемендік алғаннан бергі уақыт ішіндегі екінші санақ. Алғашқы ұлттық санақ 2006-2007 жылдары жүргізілген болатын. Ол екі кезенді қамтыды: 2006 жылы 10 тамыз-4 қыркүйек аралығында өсімдік шаруашылығы, 2007 жылы 14 қаңтар-8 ақпан аралығында мал шаруашылығының есебі алынды.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы берген мәліметке сүйенсек, санаққа 2,5 мың ауылдық және кенттік округтер, 7,5 мың елді мекен, 9 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны, 194 мың шаруа қожалығы, 2,2 млн үй шаруашылығы және 560 саяжай учаскесі кірген. Нәтижесінде, республикада 5,7 млн бастың үстінде сиыр, 12,9 млн қой-ешкі, 1,3 млн шошқа, 1,2 млн жылқы, 140 мың түйе және 28,3 мың құс түрі тіркелгені анықталыпты. Бір қызығы, меншік дүниесінің есебін жасыру 2006-2007 жылдарда да болған екен. «Әрине, ол кезде кей азаматтар сұрауға қатысудан бас тартты, есік ашпаған жайттар, тір-

келмеген саяжайлар бойынша қиындықтар болды. Жауап беру барысында мал санын, жер көлемін аз етіп көрсету сияқты жағдайлар болды. Десе де, халықаралық тәжірибеге сөйкес санаққа қатыспағандардың үлесі бойынша рұқсат етілген жеке бар, біз сол көрсеткіш шегінде болдық», – дейді Ұлттық статистика бюросы Санақтар статистикасы басқармасының басшысы Жанар Ахметова. Мамандар санақ барысында әкімшілік дереккөз бен салалық ауыл шаруашылығы

«*Жалпы, әрбір мемлекет ауыл шаруашылығы санағын әр он жыл сайын өткізіп тұруға тиіс. Бұл – БҰҰ бекіткен қағида. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) Қазақстандағы өкілдігі санақ ауыл шаруашылығы саласын жіті түсінудің әрі оны тиімді басқарудың маңызды құралы деген пікірде.*

тiркелiмiне қосылмаған өндiрушiлердi анықтаған.

«Тәуелсіздік кезеңіндегі бұқараның бүгіп қалу, жасырып қалу әдетінен арылмай отыруына Үкіметтің жүргізіп отырған саясатының да кемшін тұстары әсер етеді», – дейді экономист Атамұрат Шәменов. «Кейінгі жылдары халықтың табысын есептеуде Үкіметтің «кабинетте отырып шығарған шешімдері» де кері әсер етті. Тұрғындардың қорасында қанша тауығы, қанша жұмыртқасы бар деп есеп жүргізуі келесіз жағдайларға жол ашып, халықтың психологиясына әсер етті. Атаулы әлеуметтік көмекті есептеуде де кемшілік бар. Министрлер өңірлерге барғанда нөкерін ертіп шұбырып жүрмей, нақты мәселе не, проблеманың түбірі қайда, соны шешумен айналысуы керек», – дейді ол.

Жалпы, әрбір мемлекет ауыл шаруашылығы санағын әр он жыл сайын өткізіп тұруға тиіс. Бұл – БҰҰ бекіткен қағида. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) Қазақстандағы өкілдігі санақ ауыл шаруашылығы саласын жіті түсінудің әрі оны тиімді басқарудың маңызды құралы деген пікірде. «Ауылшаруашылық саласының құрылымдық аспектілері он жыл көлемінде айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймайтындықтан, санақтың әр он жыл сайын жүргізілуі орынды. Санақ ауылшаруашылық саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін, сондай-ақ әдеттегі статистикалық мақсаттардан басқа, ғылыми-зерттеу, кәсіпкерлікті дамыту және басқа да жұмыстар үшін статистикалық ақпараттың бірегей көзі», – делінген өкілдік жауабында.

Алдағы санаққа жаңа технологияның мүмкіндігі кеңінен қолданылмақ. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, ауыл шаруашылығы тауарларын

өндiрушiлерге санаққа онлайн түрде қатысу ұсынылатын болады. «Кейін интернет арқылы дерек толтырмағандарға интервьюерлер барып, мәліметтерді планшетке жазып алады. Өткен санақта қолданған қағаз жүзіндегі санақ парақтарын электронды нұсқаға ауыстыру арқылы халыққа санақ парақтарын өздігінше онлайн түрде толтыруға мүмкіндік беріледі. Санақ персоналдарын да оқыту көзделіп отыр», – дейді Жанар Ахметова.

Дегенмен санақ жұмысын әлі де ашық етіп, әдістемесін жетілдіру қажет дейтіндер де бар. «Санақ жария түрде өтуі керек. Оған қанша қаражат жұмсалады? Халық бәрін біліп отыруы қажет. Өткен санақтың методикасын қарап шықтық. Шикі тұсы көп. Ресми деректерде айтылып жүрген мал шаруашылығы, егістік алқаптар туралы мәліметтер шындыққа жанаспайды. Көбі бұрынғы ескі «қағаз жүзіндегі» мәліметтер. Мен тіпті қанша жерге астық егетінімізге де күмәнмен қараймын. Алдағы санақ осындай теріс деректерді ондамаса, ауылға бөлінетін қаржының да есебін толық білмей отырамыз», – дейді Атамұрат Шәменов.

Қазақстандағы FAO-ның өкілдігі санақ барысында кеткен қатемен жұмыс істеудің бірнеше әдіс-тәсілі барын ескертеді. Тиімділікті арттырып, деректер сапасын жақсарту үшін географиялық ақпараттық жүйелер (GIS) және GPS сияқты озық технологияларды пайдалану қажет. Бұл санақтың толық қамтылауы және жауап беру қателерін азайтады. Сондай-ақ санақ әдістемесін үнемі жаңартып отыру – санақ барысында туындайтын мәселелерді шешу және нәтижелердің сенімділігін арттыру ету үшін маңызды.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы да алғашқы ауыл шаруашылығы санағындай емес, қазір көптеген дерек цифрландырылып, ақпараттық базаларға енгізілгенін айтты, сендіруде. Санақтар



статистикасы басқармасының басшысы Жанар Ахметованың айтуынша, осы жолы мәліметтердің дәйектілігін тексеру бойынша үлкен мүмкіндік бар. «Бұрынғыдай емес, өңірлерде интернеттің кеңінен таралуы, онлайн ақпарат құралдары санаққа қатысты үгіт-насихат жүргізуге септігін тигізеді. Санақ нәтижесінде ауыл шаруашылығы саясатының нығайып, жоспарлардың нақтылана түсетінін қазір де көпшілік түсінеді деп ойлаймыз, сондықтан алдағы санақтан жақсы нәтиже күтеміз», – дейді ол.

## ШЫРЫННЫҢ ЖАҚСЫСЫ БАР, ЖАМАНЫ БАР...

Бүгінде көшеде кетіп бара жатқан кез келген жанның қолынан құтыға құйылған түрлі шырынды көресің. Тіпті, үйде де, мейрамханалар мен асханаларда да шырынсыз мезірдің мәнісі болмайтыны тағы бар.



Шырын – жеміс пен көкөністі сыққанда шығатын су. Бұл өнімнің жер бетінде пайда болуы хақында ежелгі грек жазбаларында айтылады. Қытайдың көне деректерінде де шырыннан жасалған шарпаттар туралы ақпарат жиі кездеседі екен. Яғни, сол кездің өзінде адамдар түрлі жемісті теріп алып, оны өңдеп, суын және дәрі ретінде пайдаланған. Осы тұжырымның растығы кейін медицина дамыған кезде белгілі болды.

Шырынның құрамы А, В, С, Р, В1, Е дәрумендеріне бай. Сонымен бірге кальций, темір, мырыш, калий сынды минералды заттар тағы бар. Адам ағзасына аса қажетті мұндай элементтердің жетіспеушілігінен жер бетін мекендеуші қауымның 65%-ы түрлі сырқатпен дәрігерлерге жүгінеді екен.

Алайда соңғы жылдары технологияның қарыштап дамуы салдарынан түрлі жолмен жасалатын жасанды шырын қаптап кетті. Дүкен сөрелерінде қызылды-жасылды құтыға құйылған шырындарды көргенде еріксіз қолыңды созып, сатып аласың. Бірақ дүкен сөрелеріндегі шырындар өте ұзақ мерзім бойына сақталады. Ең өкініштісі сол, оның қандай жолмен сақталып тұратыны ешкімнің қаперіне де кірмейді екен.

«Дүкен сөрелерінде тұрған шырынның сақтау мерзімі қанша ұзақ болса, оның сапасы да сондай төмен деп айтуға болады. Шырынды таза жемістен өндіріп алған күннің өзінде оның ашып не бүлініп кетпеуі үшін арнайы консерванттар қосылады. Міне, осы консерванттардың адам ағзасына зиян екенін ескеру керек. Бұл денедің минералдары шайып жіберетін қасиетке ие», – дейді технолог Гүлжан Мендібайқызы. Бұл туралы белгілі ғалым, қазақстандық гигиенист, профессор Төрегелді Шарманов та жиі айтады.

Дүкенге барсаңыз, сөрелерде сан алуан түрге бөлініп тұратын шырынның көбі өзге елдерден импортталып келетінін байқайсыз. 100 келі алмадан 50 литрге дейін шырын алуға болады екен. Әрине, бұл алманың сортына да байланысты. Көбіне жеміс шырынын шығаруды көздейтін шаруашылықта шырынды алмалар сортын өсіруге бейім келеді. Жалпы, кез келген саланың өзіндік бағыты бар болғандықтан, бизнес икеміне бейімделіп отыратыны тағы бар.

«Еліміздегі дүкендердің көбіне шырындар шетелдерден келетінін білеміз. Ал шетелдік өнімнің сапасы туралы ешкім нақты мәлімет бермейді. Тұтынушы ретінде қорап пен құты сыртындағы жазбаға сенеміз. Заң талабы бойынша барлығы көрсетілген. Дегенмен мұндай шырындар көп жағдайда түрлі дәмдеуіш пен сан алуан қышқылды суға араластыру арқылы жасалады. Негізінен, отандық өнімді пайдаланған дұрыс. Көбіне сыртынан барлығы анық көрініп тұратын әйнек банкаларға құйылғандарын пайдаланған жөн. Мұндай шырындар Алматы мен Түркістанда шығарылып жатыр», – дейді Азық-түлік және қайта өңдеу өндірісі саласының маманы Гүлмира Ғалымқызы.

Ал «Халал Даму» ЖШС бас технолог маманы Айжан Омарова ешқандай қоспасыз дайындалған шырын қаптама-сында мүлдем қоспалар жазылмауы керек екенін айтады.

«Қазір Қазақстан нарығында шырындардың үш түрі кездеседі. Олар

қалпына келтірілген немесе шырын денгейінде жасалған 97%, пастерленген 2% және жаңа сығылған шырындар үлесі 1% ғана. Көріп тұрғанымыздай, сандар көрсеткішінде айтарлықтай айырмашылық бар. Жаңа сығылған шырын көбіне мейрамханаларда «фреш» деген атаумен сатылатын, көз алдыңызда жеміс-жидек, көкөністі сығу арқылы дайындалатын, қоспасыз табиғи суын. Олардың сақталу мерзімі – 24 сағат. Пастерленген шырын дегеніміз – пастеризациядан өткен жеміс-жидектерді жоғары температурада өңдеу арқылы дайындалған шырын. Ал біз күнделікті дүкен сөрелерінен алып жүрген шырынымыз – концентратты сумен араластыру арқылы дайындалған, қалпына келтірілген шырын. Қайта қалпына келтірілген шырынның құрамында 1-10% дейін ғана табиғи шырын болады. Қалған 90%-ы – су және қоспалар. Концентраттың сақталу мерзімінің ұзақтығы және шетелдерден жеңіл тасымалданатыны, бағасының сапасына сәйкестігі шырынның осы түрінің кең тарау себептерінің бірі десек те болады», – дейді «Халал Даму» ЖШС бас технолог маманы Айжан Омарова.

Мамандардың мәліметінше, кез келген шырынның құрамындағы қант мөлшері едәуір көп болғандықтан, молынан пайдаланған адамды қант диабетіне шалдықтыруы мүмкін. Жасанды шырындар табиғи жемістермен теңесе алмайды. Сондықтан да олардың құрамында ешқандай да дәрумендер сақталмаған. Жалпы, дүкен сөрелеріндегі шырындарды күнделікті тұтыну денсаулыққа кері әсерін тигізгі анық. Сонымен бірге бұл сусындардың құрамында биологиялық белсенді заттың көп болуына байланысты ол ағзаға тез тарап кетеді. Салдарынан адам шамадан тыс семіре бастайды екен. Дәрігер Гүлнар Тұрғанованың айтуынша, кез келген табиғи шырынның өзі балаға кері әсер етеді. Өйткені шырын жас баланы семіздік дертіне шалдықтырумен қатар тістегі эмальды жойып, тістің өздігінен үгіліп кетуіне әкеліп соғады екен. Бұл дегеніміз кез келген тағамды немесе сусынды көп мөлшерде тұтыну адам ағзасына зиян екенін айқындап тұр.

Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, биыл еліміз бойынша ең көп шырын көлемі Алматы облысында (27,9 млн литр), одан кейін Алматы қаласы (4,7 млн литр) және Түркістан облысында (1,3 млн литр) өндірілген.

2022 жылы өндірілген шырындардың жалпы көлемінің 94,3%-ы жеміс шырындары болса, көкөніс шырындары небәрі 3,7 млн литрді құраған. Он жыл бұрынғы осы кезеңдегі деректермен салыстырғанда, жеміс шырындары өндіру 2,6 есеге, көкөніс шырындары өндіру 80%-ға қысқарып кеткен. Демек, елімізде бұл саланы жобалық деңгейде қолдап, арнайы субсидияны арттыру қажет. Өйтпегенде, өзге елден өні мен өндірілуі басқа жеміс шырынын сатып іше береміз деп ел денсаулығын едәуір төмендетіп алуымыз өбден мүмкін.

Берік БЕК



Жүніс Бекенов — Солтүстік Қазақстан облысы (бұрынғы Чкалов ауданы) Көкшетау ауданы Қарағаш ауылының тумасы. Қарапайым шаруа, өмірінің көбі жалшылықта өткен. Кішкентайынан Қызылжардың бай-шонжары Майсовқа жалданып, өмір сүрген. Байлардың отымен кіріп, күлімен шыққан шаруаның ең үлкен байлығы — балалары еді.

Үлкен ұлы Сүлке Бекенов — қанды репрессияның құрбаны. Ол да ағалары сияқты еңбекке ерте араласты. Жастайынан әкесінің жанында жүріп, тұрмыстың ауыртпалығын бір кісідей сезіп өсті. Еңбеккер, бейнеткер баланың қиындықта шыңдалып өспеуге құқы жоқ еді. Қарағаш ауылының дамуына ерекше үлес қосқан жанның бірі. Архивтен Сүлке Бекенов туралы мынадай деректер таптық. Құжатта: «Қара-Ағаш аймақтық ауылдық кеңесінің Селько артеліндегі жолдас Бекеновтің ауызша мәлідемесіне сәйкес, сіздер көршілес Тапшыл колхозына 700 гектарға жуық жер учаскесін нақты жер пайдаланудың бір бөлігін жобалап жатырсыздар, бұған Қара-Ағаш өкілі қарсылық білдірді. Сонымен қатар мұнда Қара-Ағаш процесі көрсетілген, бұл жобаны жүзеге асыру кезінде олардан жалғыз суару шұңқыры кетеді, ал екінші колхоздың үй орталығы шекараларға жақын болмайды, бұл болашақта бірқатар түсінбеушіліктерге әкеледі. Жобаларды құрастыру кезінде мұндай кемшіліктерден аулақ болу керек» делінген.


Оның аты-жөні «Коммунистік Террор құрбандарын еске алу» кітабына енген: «1888 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысы Көкшетау ауданы, Қарағаш колхозында туғаны жазылды. Білімі — орташа, қызметі — колхозшы. Туған жері — Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қарағаш ауылы. Тұтқынға алынған күні — 03.09.1937. Ұстаған — Көкшетау аудандық НКВД-сі. Сотталған күні — 26.11.1937. Үкім — ату жазасы» деп жазылды. Сүлке Бекенов 1963 жылдың 28 желтоқсанында ақталған. «Қылмыс құрамы болмауы себебінен ақталды» деп жазылды. Осы бір жапырақ қағаздан басқа Сүлке туралы ақпараттар жоқтың қасы. Неге сотталды, неден жазықты атанды, ненің құрбаны? Белгісіз... Миллиондаған құрбандықтардың қатарында тағы бір жан атылып кете барды. Сүлке Жүнісұлының кінәсі бар ма деген азамат болған жоқ. Архив құжаттарындағы бірнеше беттік қағаз ғана жанын алуға себепкер болды. Ел жауларын ұстау үшін құрылған қара «қузын» НКВД үшін қара танығанның бәрі жау еді. Тарихшы ғалымдар «бірнеше жылға созылған репрессия 1934 жылғы 1 желтоқсанда Саясиобюро мүшесі және ВКП(б) ОК хатшысы, Ленинградтық обкомның бас хатшысы С.Кировтың атып өлтірілуінен басталды» деп жазады. Кировтің өлімі Сталинге өзінің қарсыластары мен халыққа қарсы күш қолдануға мүмкіндік берді. Енді оған қарсы оппозиция өкілдері және саяси қызметтен кеткен тұлғалардың барлығы дерлік тұтқындалды. Зиялыларды жаудай қырған бұл зұлмат Сүлке Бекеновті де жұлып кетті.

Жүністің екінші ұлы — Елжас Бекенов. Ол қазақ совет әдебиетінің көрнекті тұлғасы, әдебиетке өзіндік үлесін қосқан тұлға. Ол 1922—1924 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқыған. 1925—1928 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінде әдеби қызметкер, 1929—1931 жылдары Петропавл округтік «Кеңес ауылы» газе-



тинде редактордың орынбасары, кейін редакторы болады. 1931—1933 жылдары «Ауыл коммунисті» журналында редактордың орынбасары, 1935—1938 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы «Ленин туы» газеттерінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік құпияны баспасөзде сақтау жөніндегі бас басқармада редактор болып қызмет атқарған.

Ол, яғни Елжас Бекенов — Смағұл Сәдуақасұлының сенімді серігі болған. Бұл туралы журналист Тілекқабыл Боранғалиұлы зерттеу мақалалар жариялаған. Бір суреттің тарихына қатысты «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Тағы да Смағұлдың жігіттері» атты мақаласында: «Екінші қатарда сол жақтан екінші отырған Елжас Жүнісұлы Бекенов. Сәкен мен Сәбиттің сенімді серігі. 1925 жылдың қаңтары мен 1926 жылдың 15 қарашасына дейінгі аралықта «Еңбекші қазақ» тілші, партия-кәсіподақ бөлімінің менгерушісі болып қызмет істеді. Кейіннен «Ауыл коммунисті» журналы редакторының орын-



# Белгілі БЕКЕНОВТЕР

**Ақмола өңірінде 1920–1950 жылдар аралығында қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы деректер ІІМ арнайы архивінің Ақпараттық-аналитикалық орталығында сақталған. Олардың мәліметіне сүйенсек, Ақмола облысы бойынша 6 090 адам қуғынға ұшыраса, 5 661-і ақталған. Ал 429-ы әлі ақталмаған. Қуғын-сүргінге ұшырап, «халық жауы» атанып, атылып кеткендердің қатарында Бекеновтер әулеті де бар.**



желеген шығармаларын талдап, пікір білдірген. 1936 жылы шыққан «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» атты ғылыми-сын еңбегі — осының дәлелі. 1938 жылдың қырғыны болмағанда, Елжас Бекеновтің қазақ әдебиетіне қосар үлесі зор болар еді. Оның қаламынан әдеби сын зерттеулер, көркем дүниелер туар еді.

Үзақ жылдардан кейін Елжас Бекенов Көкшетауда көше аты берілді. 2004 жылы Көкшетау қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаттың бірлескен шешімімен Застанционный поселкесіндегі Абай көшесін Елжас Бекенов атына ауыстырады. «Орнында бар оналар» деген — осы, бүгінде ұлы Болат Бекенов әкесінің жолын жалғап келеді. 2003 жылы «Құмырсканың көленкесі» атты кітабы шықты.

Ортаншы ұл — Кәкім Бекенов. Кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданып, жұмыс істеп ер жетеді. Көзін тырнап ашқаннан жоқшылық тауқыметін тартқан бала Кәкім де ауқатты байлардың үйінде жайшылықта болған. Бірақ бала кезінен бейнеткер, сергек сезімді бала тұрмыс ауыртпалығының астында бастырылып қалған жоқ. Ол өз бетімен талпынып, ауыл молдасынан хат таниды. 1915 жылы ауылға келген алғашқы мұғалім Сабыр Шәкіровтен дәріс алады. Қазан төңкерісінен кейін өз қолы өз аузына жетіп, еңбекке араласа бастайды. Алғашқы құрылыс жұмысына, яғни Көкшетау — Қызылжар жол құрылысына қатысты. Бұл — 1922 жыл болатын. 1928 жылы олар «Қарағаш» колхозына бірігіп, алғаш рет артель құрады. Оның төрағасы ретінде Кәкімді бекітеді. Артельге он отбасы қосылып, бірге жұмыс істей бастайды. Мұның бәрі кешегі кедей шаруалар еді. Көктемгі егіс науқанына қажетті құрал-жабдықты өкімет өзі қамтамасыз етеді. Алғашқы егіннен мол өнім жинап алады. Бір жыл ішінде кедей шаруалардың тұрмысы түзелеп, дәулеті арта бастады. Шағын артель кеңейіп, 50 әулетке жетті.

1925 жылдың шілдесінде аймаққа ақын Сәкен Сейфуллин келді. Елге белгілі революционер ақынның келетіні туралы ақпардан аймақтағылар хабардар болатын. Ол жылдары аудан орталығы Аймақ ауы-

лында орналасқан. Аймақтағылармен емен-жарқын әңгімелескен ақын ауылдағы ағайынның береке-бірлігіне тәнті боп, жас төрағаның жұмысын жоғары бағалайды.

Бұл уақыт — бай мен кедейдің тартысы жүріп жатқан кезең. Шаруаға жер жетпейді, байлар өз нәсібінен айырылғысы келмейді. Шонжарлардың иелігіндегі аймақты кедейлерге бөліп беру үшін біраз айтты-тартты болады. Сол кезеңді көзбен көрген Әшім Ақтайлаков кейін өз естелігінде: «Талай шешен адамдарды көріп едім, Сәкен Сейфуллиндей білімді, білгір адамды бірінші тындадым» деп жазады. Сол жолы Кәкім Бекенов Сейфуллиннің сенімді серігіне айналып, ол айтқан тапсырмаларды бұлжытпай орындап, көңілінен шығады. Сәкен жас жігіттің арқасынан қағып, қанаттандырып қайтады.



нович Боровков болған. Ол 1904 жылдың 16 наурызында Ташкентте дүниеге келген. Тіл білімін терең меңгерген ұстаздан дәріс алған шәкірт диссертациясын да сәтті қорғап шығады.

Кезінде Ленинград университеті Кәрім Бекенов, Ордабай Ағыбаев пен М. Балақаевтың жұмысына қатысты мынадай пікір берген екен. «Осы жылдар ішінде олардың білім алуға деген құлшыныстары артып, көкжиектері кеңейген. Ағыбаев пен Бекеновтің дайындығы жаман емес. Жыл соңында, жалпы тіл білімі мен жалпы фонетикадан курс алып, тілге қатысты сауалдарды жіктеп, жіліктей алатын болды. Қазақ тіліне қатысты зерттеу тақырыптарын да өздері таңдап, терминологияны да менгеріп шықты. Әлі де болса орыс тілін меңгеру үшін көп жұмыс істеу қажет» дей отырып, олардың жұмысына 4 деген баға қойғаны айталы. Кәрім Жүнісұлының

диссертация жұмысының көшірмесі, мінездеме, шолу, пікірлердің дені Санкт-Петербург Мемлекеттік университетінің архивінде сақталған. Ол құжаттардың көшірмесі ғана қолға тиді. Ал негізгі жазбалар сонда қалып қойған.

Қуғын-сүргін басталған 1937 жылдың дүрбелені Кәрім Бекеновтен айналып өтпеді. Сол жылдың 17 сәуірінде Ленинградта тұтқындалады. НКВД-нің үштігінің қаулысы бойынша тұтқынға алынып, атылып кетті. Айып — «Алашордашылардың белсенді тобының басшысы» болғаны...

Дереккөздерге сүйенсек, Ленинград қаласы мен өңірлерінде тұрған, 1937—1940 жылдары репрессияға ұшыраған тұлғалардың дені Ленинградтағы Левашов поселкесінде жерленген деседі.

Жалпы, зұлмат жылдардың, әсіресе репрессия іс-әрекеттерін айқайтайтын құжаттарға көптің қолы әлі жеткен жоқ. Бұл туралы қанша жазылып, айтылып жатса да, толық зерттеліп-зерделенбеді. Ақтандақтарды ашуға ешкім асығып отырмаған секілді. Тарихи құжаттар толық елге оралған жоқ. Бекеновтің бірі Ленинградта, бірі Көкшетау өңірінде атылса, енді бірінші қайда қуғындалғаны белгісіз. Ешқандай дерек жоқ.

Атаусыз кеткен аталарының жоқтаушысы болып жүрген бір жан бар: ол — сенатор Талғат Жүнісов. Бекеновтер әулеті туралы деректер мен дәйектерді іздеп, архив құжаттарын ақтарып жүрген де жалғыз өзі. «Тектінің тұяғы, асылдың сынығы» деген осы шығар. Талғат Тұрлыбекұлы — қазір Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі. Әділеттік Қазақстан қоғамын құруға белсене атсалысып келе жатқан азамат.

Талғат Тұрлыбекұлы 1963 жылдың 3 шілдесінде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Қарағаш ауылында дүниеге келген. Көкшетау Ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик, «Фемид» заң академиясын заңгер мамандығы бойынша бітірген. Техника ғылымдарының докторы, академик. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде ассистент, доцент, ауыл шаруашылығы институты директорының орынбасары, сырттай оқытатын бөлімшенің деканы, проректор лауазымына дейінгі қызмет жолынан өткен. Білім және ғылым министрлігінде қызмет атқарған. 2002—2008 жылдар аралығында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің проректоры, 2008—2012 жылдары Рудный индустриалдық институтының ректоры, 2012—2014 жылдары Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, 2014—2016 жылдары Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры болып қызмет атқарды. «Ұлттық аграрлық ғылыми-оқыту орталығы» ҰАО Басқарма төрағасының орынбасары болды. Ақмола облыстық білім басқармасының басшысы, Ақмола облыстық мәслихат төрағасы болып еңбек еткен.

Кезінде тоталитарлық билік жүргізген зорлық-зомбылық науқандары мен саяси қуғын-сүргіндерді қасіреті бұл әулетті айналып өтпеген. Көптеген құжат мемлекеттік архивтерде қатталып жатқаны баршамаызға мәлім. Сол архивтерді жанадан парақтап, құпия салдықтары ақтары қажет-ақ. Бір ғана Бекеновтер әулеті ғана емес, сондай-ақ жазықсыз сотталып, «ит-жеккенге» айдалған, қылмысы дәлелденбесе де, «халық жауына» айналып, атылған, оққа ұшқан талай азаматтың қасіретті тағдыры туралы деректерді тауып, тарих әділдікті қалпына келтіргенді жөн деп білеміз.



**Жыл басынан бері полицейлер елімізде 1 200-ден астам вандализм оқиғасын тіркепті. Бірақ бұл нақты анықталғандары ғана. Еліміздің ұлан-ғайыр аймақтарында құқық қорғаушылар мен белсенді азаматтардың көзіне түспенгендері қаншама?! Әзірге кейбір адамдардың оспадар қылығынан қандай табиғи, тарихи-мәдени жәдігерлердің бүлінгенін толық білмейміз. Ал вандализм дегеннің өзі жабайлықтың, мәдениеттің төмендігінің көрінісі екенін көзі ашық жандардың бәрі мойындайды.**

Ардақ СҰЛТАН

Жуырда «AMANAT» партиясының Jastar ruhy жастар қанаты вандализмнен зарлап шеккен нысандарды тазалап, қалпына келтіру бағытында акция бастаған. Алғашқы нәтижелер де жаман емес. Ең бастысы, жастар осынау өзекті мәселеге қоғамның назарын аударып білді. Белсенді азаматтар вандализмге қарсы петиция жарияласа, депутаттар Үкіметке сауал жолдады. Жыл басында вандализмге қарсы заң күшейтіліп, Қылмыстық кодекстегі тиісті бапқа өзгерістер енгізілген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселені бірнеше мәрте айтты. Биылғы Жолдауында «Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті құзғатын кез келген араңдатушылық әрекетке қатан тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келенсіз оқиғалар болып жатады. Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжал еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды», — деген еді.

**ВАНДАЛИЗМ – ЖАБАЙЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ**  
Негізі, «варвар» пен «вандал» атаулары ертеде Римді қиратқан көшпенді тайпаларға қарата айтылған деседі. Ежелгі гректер мен римдіктер өздеріне таныс емес қауымды «варвар» деп атаған. «Жатжерлік» деген латын сөзінен шыққанымен, «жабайы» дейтін мәні болыпты. Ал «вандал» атауы 455 жылы Римді қиратып, тонап кеткен герман тайпаларына байланысты қалыптасқан. Тарихта вандал королі Гейзерихтің вандал және алан тайпаларының мемлекетін құрғаны айтылады. Римді тонаған да сол Гейзерих еді. Ал термин ретінде «вандализмді» француз революциясының қайраткері Анри Грегур енгізді. 1798



жылы бұл ұғым «Француз академиялық сөздігіне» кіргізілді.  
Бүгінде қылмыстың осынау түріне әр елде берілетін баға әртүрлі. Вандализм ретінде қандай әрекеттерді атауға болатыны да сан қилы. Әдетте вандализм деп мемлекеттік немесе жеке мүлікті бұзуды мен қиратуды атайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 294-бабында «Вандализм, яғни мемлекет қорғайтын тарихи-мәдени мұра объектілерін, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи объектілерді жазулармен немесе суреттермен немесе қоғамдық имандылыққа қиянат жасайтын өзге де әрекеттермен қорлау 50-ден 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады», — деп көрсетілген. Демек, айыппұл мөлшері 172 мың мен 552 мың теңге арасында деген сөз.  
Егер сөздің ашығын айтар болсақ, Қазақстан заңнамасы әлі де болса «жуас». Вандализмге қатысты жаза биыл қаңтарда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы»



## КЕСІРМЕН КҮРЕС КҮШЕЙСЕ ИГІ...

және «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарына қол қойған соң ғана біршама күшейді. Соның өзінде вандалдарды ұзақ мерзімге түрмеге қамамаймыз. Әрі кетсе 40 тәулік қана ұстаймыз. Ал Ұлыбританияда вандализм үшін бұрын 2500-5000 фунтқа дейін айыппұл салынатын. Кейін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Францияда вандалдарға салынатын айыппұл 1 500 еуродан басталады да, екі жылға дейін түрмеге қамау қарастырылады. Сөйте тұра, 250 мың еуроға дейін айыппұл салынуы мүмкін. Яғни, өзге жұрт вандализмнің зардабы ауыр екенін жасқы түсінген сыңайлы.  
Егер «вандализм» ұғымына не кіретінін сараласақ, Ұлыбританияда коқысты тиісті орынға тастамау да вандализм саналады. Канадада бұл ұғымға адамның жеке мүлікті әдейі бұзуды немесе жоюы кіреді. Француздар түрлі нысанға рұқсатсыз сурет салу, белгілер соғу мен сөз жазуды да вандализм деп есептейді. Экологиялық вандализм дейтін ұғым тағы бар. Мәдениеттанушы Серік Ерғали вандализмді «мәдени-психологиялық ланкестік» деп



бағалайтынын айтады. Әрине, бірден бұлай кесіп-пішіп үкім шығаруға болмас. Дегенмен қоғамдағы осынау жағымсыз құбылыстың зардабы аз емес екені рас. Біздің пайымдауымызша, вандализмнің бірінші кезекте тарихи-мәдени, рухани зардабы болса, екіншіден, қаржылық шығындары да аз емес. Айталық, стадиондардағы орындықтарды, көшедегі аялдамаларды бұзуды сияқты тәртіпсіздіктер мемлекеттің қазынасын ортайтатыны сөзсіз. Сонымен қатар вандализм қатан жазаланба, қоғамдағы тәртіп те әлсірейді. Мұның соңы өздерін жазаланбайтындай сезінетін азаматтар қатарын арттырып, қылмыстың өршуіне де ықпал етуі мүмкін. Яғни, дүние-мүлікті қиратуға бағытталған тәртіпсіздіктің жанама әсері де бар деген сөз.

**ЕРІККЕНІҢ ІСІ МЕ, ӘЛДЕ?...**  
Өкінішке қарай, вандализм — Қазақстанда жиі көрініс беретін құбылыс. Зираттарды қирату, табиғатты бұзуды, ескерткіштерге жазу жазып кету, сурет салу сияқты талай оқиға болып жатады. Бірақ оған қоғамның назар аударуы сирек еді. Айталық, 2021 жылы Семей қаласындағы зиратта қоғам қайраткері, ҚазКСР гимнінің авторы, абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың құлпытасын белгісіз біреулер қиратып кеткен. Әрі бұл оқиға

жалғыз дерек емес, Қайым Мұхамедхановтың ескерткішін қорлаудың төртінші оқиғасы еді. Одан бөлек, композитор Ғазиза Жұмбанованың, режиссер, «Халық қаһарманы» Әзербайжан Мәмбетовтың зираттарына қойылған құлпытас-тар қиратылған. Бұл да қайраткерлердің зиратына қатысты болған бірінші оқиға емес. 2016 жылы белгісіз біреулер осы зираттағы ескерткішті ұрлап кеткен. Ал биыл олардың 3 жаста көз жұмған баласы Ахан Мәмбетов-Жұбановтың зиратына қойылған құлпытасын мүсінді ұрланған.  
2015 жылы Семейде ардагерлер жерленген зиратты вандалдар қиратқан. Ал соғыс ардагерлері жерленген зират 40 жыл бұрын жабылған еді. Сол жылы Қостанай облысында 24 жастағы азамат Заречный елді мекеніндегі мүсінді қиратқан. Ол, тіпті мүсінді кесу үшін арнайы жабдықтарын да ала келіпті.  
Әрине, бұл оқиғаларда вандализммен қатар ұрлық белгілері де бар. Қаскөйлер зираттардағы түрлі металдарды өткізіп, пайда табуды көздеген болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, ересектердің ісі. Сол ересек азаматтар табиғатты да бұзуды жатады. Мәселен, 2020 жылы Ақмола облысындағы Көбейтүз көліне джиппен кіріп кеткен жүргізуші ұсталған. Әрине, балшықты көлде тұрған не бар дерсіз, бірақ ол экологиялық вандализм болып саналады еді. Бірақ Ақмола облысының полицейлері жүргізушіні «жалпы, су пайдалану ережелерін бұзу» және «жалпы, аумақты ластану» дейтін баптар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартты да, 13 890 теңге ғана айыппұл салды. Ал Римде көлге көлікпен кірмек түгілі қаладағы субұрқақтарға да шомылуға болмайды. Жазасы жеңіл емес. Бірден 450 еуро айып арқалайсыз. Қазақтың 225 мың теңгесі деген сөз бұл.

Биыл жазда Маңғыстау облысындағы Ыбықты сайдағы тасқа балғмен жазу жазған Манас Көшербаев деген азаматтың әрекеті жұртты шұлатқан. Оның әрекетін де вандализм деуге болады. Одан бөлек, калаларда лифтілерді қирататындар, саябақтағы орындықтарды бұздыретіндер де кездеседі. «Тәртіп бұзу» ретінде бағаланғанмен, бәрі де вандализмнің белгісі.

**БАЛАЛАР ВАНДАЛ БОЛСА НЕ ІСТЕЙСІҢ?**  
Айтпақшы, медиада, кейбір зерттеу еңбектерінде «балалар вандализмі» дейтін термин кездеседі. Яғни, вандализмге құмар адамдардың арасында балалар да бар. Біздің пайымдауымызша, оң-солын танымайтын, ерігуі, желігуі көп жасөспірімдердің арасында вандализм құбылыстарының көрінісі беруі жақсы емес. Бұл жағдай тәрбие мәселесіндегі олқылықтарымыздың тағы бір пердесін ашады. Демек вандализммен күресте отбасы, мектеп және қоғам үштігінің тізе қосқаны керек. Әйтпесе, кейін ірі тарихи ескерткіштерді бұзуды, пайда табу үшін көне қорымдарды қазатын, заң үстемдігін мойындамайтын буын өсіп шығады деген сөз. Сөзіміз дәйексіз болмасын, балалар вандализмінің бірнеше мысалын келтірейік. Мәселен, 2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысында мектеп оқушылары зираттағы ескерткіштерді қиратып, құлпытас-тардың үстіне бояу төккен. Олар 12 зират пен қоршауды зақымдапты.  
2021 жылы Өскеменде 9 және 11 жастағы екі баланың Даңқ мемориалында жазылған есімдердегі әріптерді күйдіргені белгілі болды.  
2022 жылдың маусымында БҚО Бөйтерек ауданы Трекин ауылындағы зиратта 14 крест қиратылған. Кейін зиратты бұздыретіндер 1-2 сынып оқушылары екені анықталды.

2022 жылы Атырау облысы Құлсары қаласында 6-7 сынып оқушылары балабақшаға кіріп, ойын алаңын қиратқан, терезелер мен балалар шафтарын сындырған. Қуыршақтарды жыртып, ойыншықтарды бұздыретін. Күзетші екі баланы ұстап алыпты.  
Қысқасы, айта берсек, мысал көп. Бір сөзбен айтқанда, вандализмнің тамыры тереңге кетті деген сөз. Қазақтың «енбектеген сәбиден, еңкейген қарияға дейін» деп келетін астары тәуір тіркесін, өкінішке қарай, вандализмге қатысты қолдануға мәжбүрміз.

**ЖАСТАРДЫҢ ЖАҚСЫ БАСТАМАСЫ**  
Сөзіміздің басынан бері келенсіз оқиғаларды мысал еткенімізге бола елімізде вандализмге қарсы шаралар атқарылмай жатыр деген ой тұмауы керек. Мемлекет занды күшейтуге, жауапкершілікті арттыруға көңіл бөле бастады. Президент те ұдайы қоғамдық тәртіп мәселесін айтумен келеді. Полиция да түрлі рейдтер ұйымдастырып жатыр. Дегенмен вандализммен күреске «AMANAT» партиясының Jastar ruhy жастар қанаты тың серпін берді. Оны сөз басында айттық. Jastar ruhy Жастар қанаты төрағасының орынбасары Акерке Ескендірованың айтуынша, белсенді азаматтар қазан айының 20-нан бері арнайы акция өткізіп жатыр. Акцияға 1 500-ден астам қыз-жігіт қатысыпты. Олар 500-ден астам ескерткіштегі вандалдардың «қолтаңбасын» өшіріп, киелі жерлерді тазалаған. Шара барысында коқыстан тазалау да ұйымдастырылады. Бастаманы депутаттар да қолдауда.  
Jastar ruhy жастар қанаты белсенділерінің бастамасын қоғамда қолдаушылар аз емес. Айталық, бірер күн бұрын KAZ ALPINE CLUB қоғамдық бірлестігінің (альпинистер қауымдастығы) мүшесі Денис Лукянчук мәселені шешу үшін ұсыныстар жинақталған петиция жариялады. Үш күн ішінде петицияға 11 200-ден астам адам қол қойыпты.  
Демек қоғам вандализм құбылыстарына іштей қарсы деген сөз. Алайда кейбір отбасындағы тәрбиенің төмендігі, азаматтардың ел алдындағы жауапкершілікті сезінбеуі вандализмге толық тосқауыл қоюға мүмкіндік бермей тұр. Дегенмен Jastar ruhy жастар қанатының бастамасы жалғасқан сайын оны қолдаушылар қатары да артары сөзсіз. Ал мемлекет жағымсыз құбылысты азайтуға септігі тиетін құқықтық нормаларды жетілдіре беруге тиіс. Бірақ бәрібір сананың сәуеленуі маңызды. Қазақ «бала бер, бала берсен сана бер» дейтін еді.

**Акерке ЕСКЕНДІРОВА,**  
Jastar ruhy жастар қанаты төрағасының орынбасары:



Биыл 20 қазанда «AMANAT» партиясының Jastar ruhy жастар қанаты Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен сақтауға бағытталған республикалық ауқымды акцияны

бастады. Іс-шара Республика күніне орай ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты — тарихи ескерткіштерді сақтау мәселесіне қоғамның назарын аудару, сондай-ақ туған жердің табиғаты мен тарихына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.  
Акцияның алғашқы күні Жастар қанатының 50-ден астам белсендісі «Бұрабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан «Жұмбақтас» жартасын тазартты. Игі іс еліміздің өзге өңірлерінде жалғасын тапты. Жастар қанатының белсенділері — «Тамғалы тас» петроглифтерін, «Ақбауыр» шатқалын, Ш.Құдайбердіұлының, С.Сейфуллиннің, Кенесары ханның, «Стелла» ескерткішін, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштерді, «Шақпақ ата», «Сұлтан Үмі», «Қараман ата» жерасты мешіттері мен «Ыбықты сай» шатқалын, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі маңындағы қорғанын, «Қалжан ахун» ауыл кесенесін, Қошқар ата өзені маңын, «Медеу» мемлекеттік-өңірлік табиғат паркін артық жазулар мен коқыстан арылтты.  
Jastar ruhy жастар қанатының белсенділері мен еріктілері ескерткіштерді, ұлттық саябақтар мен тарихи орындарды коқыстан тазарту жұмысын жалғастырып жатыр. Өңірлерде арнайы орындар таңдап алынып, экологиялық акция жалғасын табады.  
Тек акциялар мен сенбіліктермен шектелмей, біз іс-шаралар кешенін жүзеге асырамыз. Белсенділердің, сарапшылардың, Мәжіліс депутаттарының, қоғам қайраткерлері мен студенттердің қатысуымен Big toqynda және «Рухтастар Cases» кездесулер өткізудеміз. Осындай іс-шаралардың бірі — әлеуметтік зерттеу. Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында 18-50 жас аралығындағы 100-ден астам адамнан сұхбат алынды. Азаматтар вандализмге қарсы күрестің тиімділігін арттыру және оның алдын алу бойынша түрлі ұсыныс пен идея айтады. Зерттеу қорытындылары қажетті шешімдер қабылдау үшін Мәжіліс пен Үкіметке берілетін болады. Қоғамда орын алып жатқан мәдениетсіздік, вандализм мәселесін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының басшыларымен кенесінде айтып, ерекше назар аудару керектігін де тоқталды.  
Сонымен қатар алдағы уақытта Жастар қанаты атаулы акцияның ауқымын кеңейтіп, қатарымызға эколог мамандарды қосып көзден таса қалып қойған тарихи орындарды қамтуды көздеудеміз. Акцияға қатысып, өз үлесіңді қосамын деуші жастарға, еріктілерге әрқашан ашықпыз.

**Серік ЕРҒАЛИ,**  
мәдениеттанушы:



Вандализмнің пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді деп есептеймін. Ең алдымен, тәртіп-тәрбиенің нашарлығынан, екіншіден, мәдени құндылықтардың сінірілмегендігінен вандализм туындайды. Мұны жастар арасындағы құбылыс деп есептейік. Бірақ вандализм ересек адамдардың арасында да аз кездеспейді. Бұл дегеніміз — мәдени-психологиялық ланкестік. Оған теріс идеология, қоғамда жасампаздықтың орнамауы, қиратушылық түсініктің қалыптасуы да әсер етеді. Мұның барлығы адам бойындағы мәдени құндылықтарды жойып, өшпенділік, қиратымпаздық дағдыны қалыптастыратын болса керек. Яғни, елде, қоғамда жасампаздық болмаса, орнын қиратымпаздық басады. Жасампаздықтың орнамауы кесірінен елдің жалпы дамуы да көңілдегідей болмай тұр. Ал қиратымпаздықтың қоғамдағы көрінісі — вандализм. Қазір вандализм қазір қоғамның барлық саласында көрініс тауып жатыр. Тек заттай, тарихи-мәдени ескерткіштерді қирату, табиғатты бұзуды ғана емес, ұлттық құндылықтарды жоққа шығару, терістеу, оны бұрмалау, өзінің қолайына жағатындай етіп басқаша интерпретациялау, теріс идеологияға икемдеу де вандализм деп есептеймін. Ұлттық құндылықтарды аяқасты еткеніміздің кесірінен вандализм етек алып отыр. Сондықтан көзге көрінетін және көрінбейтін вандализм бар деп есептеймін. Бұл — жағымсыз құбылыс тәрбиенен бастап, психологияға дейін қамтитын кең ауқымдағы дүние. Вандализм мәселесіне тереңірек үнілген дұрыс. Айыптау, соттау, кінәлау арқылы біршама тежеуге болатын шығар, бірақ тамирына балта шабу қиын. Сол себепті вандализммен күресте жасампаздықтың насихаттау, еңбектің қадірін арттыру, мәдениеттің құндылығын қалпына келтіру маңызды. Бұл бағытта мемлекет бетбұрыс жасайтын қадамдарға барғаны жөн деп білемін.

**Дамыған елдердің «білім көгін» тіреген азулы, атақты оқу орындарын бітіру әлемдегі кез келген қабілетті, өршіл, мақсаткер жастың аңсарлы арманы болса керек. Бірақ оқу ақысының қымбаттығын, гранттар таланттардың бәріне бірдей жетпейтінін айтпағанда, алдыңғы қатарлы елдерде тұрудың және тамақтанудың өзі қалта қағады. Қазақстан дүниежүзіндегі дарындарға бұл тұйықтан шығудың жолын ұсынбақ. Қазақ елінің дәл қазір іргесін қалап жатқан жаһандық мега-жобасы Study in Kazakhstan деп аталады.**

Айхан ШӘРІП

Бұл бастаманың идеясы бір қарағанда, қарапайым. Ғаламшарымыздағы атағы жер жарған беделді жоғарғы оқу орындары республикамызда төл филиалдарын ашады немесе жергілікті университеттермен кооперацияланады. Тиісінше, олардың диплом-сертификатына ие болу үшін төрткүл дүниенің әр түрлі пірінен талапты жастар Қазақстанға ағылады. Әрине, бәрі айтуға оңай.

Әлемге мәшһүр шетелдік университет-колледждердің бөлімшесін елімізде ашу — күрделі іс. Ал ашылған соң атақ-абыройды сақтап қалу, білім мен ғылым биіктерін бағындыру, кері кетіп тоқырамай, кемелдену кезеңдерін лайықты өңсеру одан да қиын.

Дегенмен Қазақстан Үкіметі бұл тарихи деуге тұратын, шапағаты болашаққа тарайтын, игілігін келер ұрпақ та көретін ірі жобасын ілгерілетуде. Бастапқы нәтиже жаман емес көрінеді. Осы аптаның бейсенбісінде, 16 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғарғы білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдағаны белгілі. Сонда министр жыл соңына дейін елімізде жұмыс істейтін жетекші шетелдік университеттер филиалдарының саны 8-ге жететінін мәлімдеді.

Ақордадағы қабылдаудың қарсаңында министр Саясат Нұрбек жоғарғы білім беруді қайта құру, шетелдік жетекші оқу орындарын елге тарту, қазақстандық және шетелдік шәкірттерге сапалы білім беру мәселелері туралы әңгімеледі. Осы мақсатта ғылыми жұмысты жандандыру және қазақстандық университеттерді әлеуметтік-гуманитарлық білім мен мәдениетті сақтау орталықтарына айналдыру жұмыстары жүргізілуде.

— Біздің міндетіміз — Study in Kazakhstan брендин қалыптастыру болады. Осы арқылы әлемдегі білім қуған әрбір жас, ғылым жолына түскен әрбір адам біздің білім беру кеністігімізге назар аударалы. «Мен Қазақстанға барсам, АҚШ, Қытай, Корея, Германияның жетекші жоғарғы оқу орындарының дипломдарын ала аламын», — деп айтып, соған сенімді болуы керек. Біз бүгінде осы бағытта жеке



# ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМҒА ҚАЗАҚСТАН ЖЕРҰЙЫҚ БОЛА АЛА МА



бағдарламаны жүзеге асырып отырмыз, — деп мәлімдеді Саясат Нұрбек.

Қазіргі озық әрі биік білімді жасанды зерде (ЖЗ) және цифрландырусыз елестетуге болмайды. Тіпті, осы салалар дамымаған елдерге белді университеттер бармақ түгіл, пысықырып қарамайды. Сондықтан министрдің сендіруінше, ЖЗ және білім саласын цифрландыру бағыттарында да «үлкен жұмыстар» жүргізілуде.

Оның аясында Қазақстанға шетелдік технологиялар трансферін жүзеге асыратын орталықтар ашылады. Мұндай орталықтар Satbayev University, Yessenov University, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде және басқа да жоғарғы оқу орындарында құрылады. Соның арқасында жоғарғы білім берудің бірыңғай платформасы жұмыс істей бастайды. Осы орайда екі университет — Satbayev University және Шығыс Қазақстан техникалық университеті цифрлық университеттің пилоттық жобаларын іске қосып та үлгерді.

## ДАМУҒА КЕДЕРГІ БАР

Соңғы жылдары Қазақстанда жұмыс істеп тұрған ЖОО-лар саны 122-ден 116-ға дейін азайды. Алайда Energyrom мониторинг агенттігінің сарапшылары анықтағандай, шынында ресми түрде жабылған оқу орындарының саны алтаудан көп. Олардың орнын елімізде ашылған шетелдік ЖОО-лардың филиалдары толтырды.

Мысалы, 2021 жылдың өзінде Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті сегіз жоғарғы оқу орнының жұмысын тоқтатқанын хабарлаған еді. Келесі 2022 жылы сот шешімімен тағы үш қазақстандық ЖОО білім беру лицензиясынан айырылды. Яғни, шетелдік

ғылым ордаларының бөлімшелері құрылмағанда, мамандар мен ғалымдар даярлау саласында жабылып тынған ұйымдардың орны ойсырап қалатын еді.

Мұның сыртында соңғы жылдары білімдер жастардың ілім іздеп, жат жұрттарға кетуінің және оқу бітірген соң да қалуының қауіпті үрдісі белең алған еді. Салдарынан, Қазақстан «Еуразиялық экономикалық одақтағы талапкерлері шетелге ең көп кететін мемлекетке» айналды. 2021—2022 оқу жылында республиканың 61 мыңнан астам студенті алыс шетелді айтпағанда, ЕАЭО-ның басқа елдерінің университеттеріне түскен. Ресейдегі шетелдік студенттер арасында қазақстандықтар саны жөнінен бірінші орын алды.

Бұл асыл адами капиталдың, құнды кадрлық ресурстың шетелге ағып кетіп жатқанын білдіреді. Ең дұрысы, қазақ жастары үздік білім мен ғылым қайнарларынан Қазақстанның өзінде сусындағаны маңызды. Бұл ретте дүниежүзінде геосаяси ахуал қатты ушыққан мына заманда шетелдік ЖОО-да білім алуға ынтық ынталы жастарымыздың тілегі мен қалауын да өз елімізде қанағаттандырған абзал.

Бұрынғы жылдары салада жүргізілген реформалар барысында қателіктерге жол берілгені күпия емес. Сондықтан Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрілігін жойып, Оқу-ағартудан Жоғарғы білім мен ғылымды бөліп алып, жеке отау құрып берді.

«2017—2022 жылдарда меншік түрлері бойынша ЖОО құрылымының күрт өзгеруі жоғары білім беру жүйесінде жүрген трансформацияның салдарларын паш етеді. Көптеген мемлекеттік университет жекеменшікке айналды. Бұл саладағы мемлекеттік мекемелердің үлесі

2017 жылғы 38,5%-дан былтыр 25,9%-ға дейін, абсолютті санда 47-ден 30-ға дейін кеміді. Сондай-ақ шетелдік меншіктегі ЖОО саны 5-тен 2-ге, ал олардың үлесі 4,1%-дан 1,7%-ға дейін құлдырағанын атап өтуге болады», — деп хабарлады Energyrom сарапшылары.

Сонымен бірге оқу орнын ашудағы бюрократиялық сергелден де бизнестің

Ресейдің Қазақстандағы елшілігі ұсынған дерекке сенсек, республикамызда ресейлік 5 ЖОО бөлімшесі жұмыс істеп жатыр. Бұлар — Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің алматылық филиалы, Челябинск мемлекеттік университетінің қостанайлық филиалы, Санкт-

оқу орындарының филиалын ашу туралы тапсырмасы» жүзеге асырылады. Филиалда Қазақстандағы жаңа мамандықтар атласы негізінде әзірленген «Жасанды интеллект инженериясы және блокчейн» бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Білім алушыларды қабылдау келесі оқу жылынан басталады. Сонымен қатар магистратураның бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша да мамандар даярлау көзделіп отыр.

Қызылордада, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Сеултех Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылып жатыр. Бұл бастама Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 3 ЖОО базасында жасанды зерде саласындағы кадрлар даярлау және осы салада зерттеу жүргізетін орталықтар ашу тапсырмасын орындауға бағытталған.

Жоғары мектеп жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика саласында кадрлар даярлайтын болады. Студенттер Сеултехпен бірлескен бағдарламалар бойынша білім алады, бұл әлемдік IT технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жоба аясында оқу орны Кореяның заманауи зертханалық құрылғыларымен жабдықталады, ал студенттер бірнеше тілді меңгеріп, орыс және қазақ тілдерінен бөлек, ағылшын, корей тілдерінде білім алады.

адымын аштырмай тұрған көрінеді. Жаңа министрлік осы кемшіліктердің кем-кетігін түзеп, олқылықтардың орнын толтыруға тырысуда. Министр С.Нұрбекті қабылдаған Мемлекет басшысы осы тұрғыда да міндеттер жүктеді.

## САЛАНЫҢ «СЕГІЗ СЕРІСІ» НЕГІЗІНЕН РЕСЕЙЛІК

Сарапшылар Қазақстанда шетелдік инвестицияны тарту арқылы жоғары білім саласындағы бизнесті ілгерілету мекенаты көп шаруа екенін айтады. Біріншіден, салынған сол инвестиция ақталмауы мүмкін. Себебі халық саны шағын. Ұлттық статистика бюросының дерегіне, мемлекеттік меншіктегі ЖОО-лардың жиынтық табысы 2022 жылы 3 триллион 724,9 млрд теңгені құрапты. Ұланғайыр сома.

Алайда былтыр олардың шығыны 3 триллион 776,7 миллиард теңгеге жеткен. Ендеше шығысы табысынан асып түскен. Бұл жерде мемлекеттік университеттердің академиялық автономия алғанын, яғни оның ректоры өзі би, өзі қожа екенін ескерген жөн. Тиісінше, түскен ақшаны қалай жұмсаймын десе де өз еркі. Олай болса, келген кіріс ұтымды шығындалмауы, тіпті жемқорларға жем болуы мүмкін. Коррупция — жоғарғы білім саласының жағдайын ауырлатқан проблеманың бірі.

Қалай болғанда, бұлжымас факт тіркелді: мемлекеттік ЖОО-лар мемлекеттен трансферт көмек алып отырса да,

Петербор Гуманитарлық кәсіподақ университетінің алматылық филиалы және Байқоңыр қаласындағы «Восход» Мәскеу авиациялық институтының филиалы. Айтпақшы, соңғысы — Байқоңыр қаласындағы жалғыз жоғарғы оқу орны. Қазақстандық осы шаһарды ғарыштық кешенмен бірге 2050 жылға дейін жалға алған Ресей қалаға өзге шетелдік түгіл, қазақстандық ЖОО-ларды жібермепті.

Алыс шетелге келсек, биыл К.Жұбанов атындағы Ақтөбе облыстық университетінің жанынан Шотландияның Хериот-Уатт университетінің филиалы ашылып, үш инженерлік білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдай бастады.

Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ базасында Аризона университеті мамандар даярлауға кірісті.

Ақтауда 2023 жылы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің базасында Қазақстан-Неміс тұрақты инженерлік институтының филиалы тұсауын кесті. Яғни, ресейліктерді қосқанда, шетелдік жоғарғы оқу орындары филиалдарының саны қазірден 8-ге жетті.

## АЛДА ҚАНДАЙ ҒЫЛЫМ ОРДАЛАРЫ АШЫЛАДЫ?

Әлихан Бөкейхан университетінде София Техникалық университетінің филиалы ашылып жатыр. СТУ — Бол-

Қызықты дерек бар. Сеулдің Ұлттық ғылым және технологиялар университеті — Кореяда 1910 жылы негізі қаланған ұлттық университет. Ал оның елімізде филиалын ашуына бір оқиға септесіпті: СеулТех Жоғары мектебінің құрылуына Қызылордада өмір сүрген Кореяның ұлттық батыры, генерал Хон Бом Донның сүйегінің тарихи отанына қайтарылуы ықпал етті.

Бұдан басқа, таяуда, 19 қазанда Amanzholov University базасында Италияның Генуя университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды. Құжат қос дипломды білім беруді дамытуды, бірлескен халықаралық жобаларды, гранттар санын ұлғайтуды, студенттер мен профессор-оқытушылар құрамымен өзара алмасуды қарастырады. Серіктестік аясында жаңа қос дипломды бірнеше білім беру бағдарламаларын әзірлеу жоспарлануда. Атап айтқанда, «Жаһандық экономика», «Туризм», «Инклюзивті білім беру» мамандықтары.

Айта кетейік, жоғары оқу орындарының серіктестігі инклюзивті және түзету педагогикасын дамытуға бағытталған. Бұл үздік еуропалық тәжірибелерді қолданып, Қазақстанға кәсіби кадрлар даярлауға мүмкіндік береді. Келіссөз барысында тараптар С.Аманжолов атындағы ШКУ базасында қазақстандық-италиялық мәдени орталық ашу жайын талқылады. Орталықты 2024 жылдың көктемінде ашу жоспарланып отыр.

Жетісуда Италия университетінің филиалы ашылады. Осы мақсатта былтыр 12 қазанда Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Марке политехникалық университетінің филиалын ашу туралы меморандумна қол қойылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде техникалық мамандардың тапшы екенін және бұл бағытта үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі керектігін жиі айтады. Осы орайда өңірді білікті техникалық мамандармен қамтамасыз ету үшін шетелдік озық оқу орындарымен тәжірибе алмасу маңызды.

Қорыта айтқанда, қазақстандық жоғарғы білім ұзақ жылғы дағдарыс тығырығынан шығып, жаңа даму белесіне бет қойғаны байқалады. Ал ол биік белес бағынуы үшін шетелдік беделді оқу орындарының бөлімшелері ашылып қана қоймай, өз асқар асуларын алғаны абзал.



*Мұның сыртында соңғы жылдары білімдер жастардың ілім іздеп, жат жұрттарға кетуінің және оқу бітірген соң сонда қалуының қауіпті үрдісі белең алған еді.*

шығынды болып саналады. Мәселен, былтыр қазақстандық ЖОО-лар шетелдік шәкірттерді оқытудан 486,9 млн теңге табыс тауыпты. Яғни, бес жылда, 2017 жылмен салыстырғанда 22,2%-ға көбейген.

Жекеменшік оқу орындары ше? Олар бір жыл ішінде, 2022 жылы 230,3 миллиард теңге табыс тапты. Шығысы 225,6 миллиард теңгеге жеткен.

Шетелдік ЖОО-лардың табысы өзінде 4,2 миллиард теңге ғана болды. Шығысы 3,7 миллиард теңгеге теңелген. Бұл да Ұлттық статистика бюросының ресми дерегі.

Еуроодақтағы үздік техникалық университеттер қатарына кіреді. Виртуалды инженерия, энерготімділік, жаңғыратын энергетика, экологиялық инжиниринг, машина жасау дизайны, IT технологиялар салаларында мамандар даярлайтын іргелі университеттердің бірі.

Бұл университеттің филиалын ашу арқасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы Абай облысына жасаған іссапары барысында берген «Семей қаласында еуропалық жоғары

«AMANAT» партиясының қолдауымен Астанада екі күн бойы айтыс өткен. «Еңбек – ел ырысы» атты «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысында қарағандылық Мақсат Ақанов топ жарды. Мақсат – айтыс ақындарының ішінде өзіндік өрнегі бар, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар ақын. «Қыз бен жігіт» айтысындағы даралығы бір бөлек. Айтысты ардақ тұтатын көрермен Мақсат Ақановтың сахнаға шығар сәтін айрықша күтеді. Әсіресе, қыздармен айтысын жақсы көретіндер көп.

Мақсат АҚАНОВ,  
«Алтын домбыра» иегері:



Астың аясында аудан айтыс өткізіп, оған Абаш Кәкенов бастаған ақындар келді. Солардың батасын алып, сарқытын ішіп өстік.

Әкем марқұм менің айтысты алғаш бастаған кездерімді көрді. Өмірден ерте кетіп қалды. Айтыста нағыз жарқыраған сәтімді көре алмады. Ең үлкен өкінішім де осы.

— Ақтоғайда туып, елге танылған ақынның бір жылдары айтысқа ренжіп, кетіп қалған кезі болыпты. Неге?

— Айтысқа өкпелеген кезім болған жоқ. Спортта жүрген сүрмергендер де жасы қырықтан асқан соң спорттан кетіп, тренерлікке ауысып жатады ғой. Мен де өзімді спортшы сезінген шығармын. Жасым қырыққа жақындаған соң басқа кәсіпке, ауыл шаруашылығына қарай бет бұрып, соны аяққа тұрғызамын деп, біраз уақыт айтыстан алыстағаным бар. Артынан алапайт жас буын өсіп келе жатыр, оларға айтысуға мүмкіндік беру керек деп ойлағаным сәтім болды.

— Мақсатты «қыз бен жігіттің» сайысында көріп үйренген едік, жігіттермен де айтысып, топжарған сәтіңіз көп екен. Қайсысы жеңілірек?

— Жалпы, әр ақынның өз стилі болады десек, менің маңдайыма елдің айтуы бойынша, қыздармен айтысқан ыңғайлы, қолайлы деп жатады ғой. Қыздармен ай-

# Әннің ұясында өскен баламын

— Мақсат, «Алтын домбыраның» құтты болсын! Мейіркөкпен жүлдені жұлып алу оңай болмаған секілді. Финалдағы айтыс қиын болды ма?

— Мейіркөк Сұлтанхан деген — өте алапайт, бүгінгі айтыстың ең алдыңғы қатарында жүрген ақын бауырларымың бірі ғой. Мейіркөкпен айтысу кімге болса да аса жеңіл соқпайды. Жүрсін Ерман ағамыздың өзі осыдан он жыл бұрын: «Мейіркөк — алғашқы бестіктің ішіндегі ақын» деп айтып еді. Оған алып-қосармыз жоқ. Құдайдың қалауымен осылай болды. Мейіркөк бауырымың өнері өрсілей берсін, Алла разы болсын дегім келеді.

— Алғаш айтысқа шыққан сәтіңізді еске алыңызшы. Ақын Бағдат Мұбаракты қалай көңілдіріңіз?

— Оның тарихы өте қызық. Бағдат әкеуміз бір ауылда, ағалы-інілі боп бірге өскен жандармыз. Бағдаттың әкесі — менің әкемнің ағасы боп өскен кісі. Өмірде де, өнерде де қатар жүрген, бір ауылдың суын ішіп, бір топырақта жаралған азаматтар. Менің әкем — еңбек сіңірген дәстүрлі әнші. Оның да әкесі — қазақтың қабырғалы, елге танымал ақыны. Сол жалғастық үзілген жоқ: бізбен де бірге келе жатыр. Бір мектепте оқыдық, бірге өстік, өнерде — аға, өмірде дос болды. Балқашта өткен Ағыбай батырдың 200 жылдық тойында маған қарсылас табылмай, Бағдат ағамды ұйқысынан оятып әкеліп, «менің бағмысы ашып жіберуіне бірден-бір септігін тигелі тұр» деп көңілден едік. Ол айтысқа Қарағанды облысынан алты ақын қатысатын болды. Соған іріктеу болып, одан өтпей қалдым. Жүрсін аға он ақынды жұптап, «Алла ауыздарына сөз салсын, айтысқа дайындалындар» деп шығып бара жатыр екен. Соңғы мүмкіндікті құр жібермеу керек, жүгіріп барып, ағаның қолын алдым. Танымал соң «қай баласың?» дегендей тосыққарай қарады. «Осы ауылдың баласымын» деп аты-жөнімді айтып, айтысуға келгенімді білдірдім. Менімен айтыса қалатын қарсылас жоқ, «өзің тап» дегендей қылды. Содан бірден Бағдатқа жүгірдім ғой. Ол кезде оның енді-енді поэзияға қарай бет алып, айтыспен қоштасып бара жатқан сәті еді. Онда «Балқаш өңірі» газетінде тілші болып, жұмыс істейді.

Сол айтыста Бағдатқа:  
— Үйленіп, жар қылам деп жүрген қызды,

«Біреу алып қашыпты» деп естідім. Жігіт қызды тастады деген бар ед, Ол да болса серілік қызу екен. О заманда бу заман қыз жігітті, Тастап кетті деген сөз қызық екен», — дегенім есте.

Казір көп ақын айтып жүрген мына тіркестің әу бастағы авторы да Бағдат ақын болатын. Ол сол айтыста:

«Қозы ғашық болғанмен, Баянын ол алған жоқ, Талеген ғашық болғанмен, Жібекпен бағы жанған жоқ, Ақан ғашық болғанмен, Ақтоқтымен білсеңіз, Бірігін әнін салған жоқ. Естай ақын білсеңіз, Хорланына ғашық боп, Оның да бағы жанған жоқ» деген еді.

Жалпы, Бағдат бала күнінде керемет айтысқан, мықты ақын болды. Ол айтыста жүре берсе де, «Алтын домбыраны» үш рет алатын еді. Әкесі сияқты поэзияға бет бұрып, қазір қазақтың үлкен дуалы ақынына айналды. Бағдаттай ағамның болғанына шүкір айтамын.

— Айтысқа шығуыңызға әкеңіздің ерекше қамқорлығы болды. Алғаш айтысқа жетелеп алып келгенімен, жарқыраған кезіңізді көре алмай кеткен секілді. Әкеңіз де өнер адамы болды ма?

— Ақтоғай — ән мен жырдың мекені. Менің әкем — Асылмұрат Ақанов Ақтоғайда Мәдениет басқарған, дәстүрлі өнердің жібін жалғаған кісі. Әкеммен бірге тәй-тәй басқанымынан сахнада бірге жүрдім. Айтыстан бұрын сахнаға бимен шықтым. Ең де айттым. Өсе келе айтысқа бет бұрып кеттік. Оның да өзіндік себептері болды. Қазақтың керемет ақыны Ерік Асқаров — әкемің ең жақын достарының бірі. Менен кейінгі нұм дүниеге келген жылы, 1986 жылдың наурыз айында Ерік ақын Ақтоғайға келген еді. Сол кісіні көрген сәттен бастап, айтыс ақыны дейтін ұғым мынама сынамапай енді. Шынболат Ділдәбаев деген мықты ақын өтті өмірден. Шынболат ақынның барлық термелерін бала кезден естіп өстік. Сол кісінің де батасын алдым. Өлі есімде, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Ақтоғайда Алаш қайраткерлеріне арналған үлкен ас өтті.

тысқан көңілді, көрерменнің де көңілінен шығатындай. Ұлдармен «жаға» жыртасып отырғанша, қыздармен қалжыңдасып, ойнап-қулап, еркелетіп, қылдан нәзік, мақтадан жұмсақ қыз баланы ренжітпей, көңілін тауып айтысу — оған айтатын нәрседі тікелей айтпай, бетіне баспай, туспапай, абайлап жеткізу де үлкен өнер. Оның өзі керемет шеберлікті талап етеді.

— Қыздардың осал тұсын менгеру қиын секілді. Дегенмен Сараның сінділерінің арасынан қай ақын қызды мықты қарсылас деп санайсыз?

— Сараның сінділерінің әрқайсысының орны бөлек. Бәрі өзгеше, ерекше ақындар. Айтыс сахнасында жүрген ақын қыздардың барлығымен дерлік айтысып-пын. Тек Ақмарал Ілеубаева апамен айтыспаған екенмін. Өзіме қиын, қызық болатыны — Айнұр Тұрсынбаевамен айтысу. Қыздардың ішінде ең озығы, жүйрігі Айнұрға жететін ақын жоқ деп есептеймін.

— Айтысқа келгеніңізге өкінетін сәтіңіз бола ма?

— Бала күнімде хоккейлі жақсы көрген едім. Әлі де жақсы көремін. Ұлым болса, хоккейге бергім келетіні де сондықтан. Мектепте жүргенде үздік шабуылшы атанғаным бар-ды. Жеңіс Қорабаев деген көршіміз болды. Сол кісі КСРО кезінде Ақтоғайдың хоккей командасын Мәскеуге алып барып, 15 одақтас мемлекеттер арасынан 7 орын алған екен. 5 жасымнан бастап, сол кісі мені хоккейге үйретті. Қыс басталса, Тоқырауын жайылады. Біздің үйі өзенге жақын, сабақтан келе сала қонькиді иыққа іліп, мұзға сырғанауға кетеміз. Жеңіс аға менің хоккейге деген махаббатымызды оятып.

Ал айтысқа келгеніме өкінемін деп айта алмаймын, бұл да адамның маңдайына жазылған тағдыр. Алда екінің бірінші таңдайына өлен сала бермейді. Рас, бір өкініш бар, ол — хоккейге бара алмағаным ғана.

— Қазір көпшілік әлеуметтік желіге тәуелді. Сізді желіден көп көре бермейміз. Неге?

— Осыдан біраз бұрын Мейіркөк Сұлтанханмен сұхбатыма да осы мәселені айтып едім. Маған әлеуметтік желіде отырған ұнамайды. Өйтпесе, оны да менгеру алуа болады. Ұялы телефонға байланып жүргендер жетерлік. Адамның уақытын ұрлайды. Ондай бос уақыт менде жоқ. Тіпті, көп сұхбат та бермеймін.

— Айтыс ақыны болмағанда, биші не актерлікті таңдар ма едіңіз? Бишілікті қаламайтыныңыз белгілі, актерлікке неге бармадыңыз?

— Бимен айналысып кетпейтінім белгілі. Тіпті, кәсіби актер болар едім деп айта алмаймын. Негізі, бәріміз де өмір сахнасында жүрген бір-бір актерміз ғой. Жезқазғанда 1996 жылы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық тойы өтті. Тойға тоғыз ауданнан өнерпаздар қатысты. Сол сайыста бала Жамбылдың рөлін ойнап, бас жүлдені иемденген едім. Ол кезде 14 жастамын. Шындап актерлік қырымды шындасам, менен де жақсы актер шығатын еді. Бірақ өмір басқа бағытқа бұрып жіберді.

— Айтыстан кетсеңіз, немен айналысар едіңіз?

— Атакәсібіміз мал шаруашылығына баратын шығармын. Басқа қайда барамыз?! Мал бағу да өнер ғой. Ол да қазаққа оңай емес. Сұхбатқа шақырғандарыңыз үшін мың алғыс! Газеттеріңіздің ғұмыры ұзақ болсын!

Әңгімелескен  
Гүлзия БЕКТАС

## FREELANCE MUMKINDIK — ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылған JOLTAP жобасы аясында Freelance Mumkindik бағдарламасы бойынша оқытудың екінші легі басталды.

JOLTAP жобасының мақсаты — мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру және халықтың табысын арттыру үшін мүмкіндіктерді таңдауға көмектесу, әсіресе декреттегі аналар мен жұмыссыз жастарға қолдау білдіре отырып, жана мамандықтарға үйрету, табыс табу жолдарын көрсету. Жобаның бірінші бағдарламасына қатысушылар сауда, құрылыс, қызмет көрсету саласы, сағушы-кассир, тігінші сияқты жұмысшы мамандықтарын тегін оқыған болатын. Халықтың табысын арттыруға және жұмыспен қамтуға бағытталған бұл бастаманы елорда әкімдігі мен бірқатар мүдделі мемлекеттік орган бірлесіп іске асырып отыр. Жобаның бірлескен басты операторы — «Жана мүмкіндік» қоғамдық қоры. Жоба — мемлекет, бизнес және қоғамның бірлескен күш-жігерімен құрылған тиімді жүйе ретінде танылып үлгерді. Сонымен қатар қала әкімдігінің бұл бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өнімді жұмыс орындарын құруға баса назар аударатынын, белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындау, әлеуметтік реформаларды тиімді жүзеге асыру мақсатын көздейді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба құралдары тұтастай алғанда қазіргі әлеуметтік реформаларға тиімді қосымша қызметін атқарады.

Жоба аясында Freelance Mumkindik қысқамерзімді оқыту бағдарламасының екінші кезеңі қазіргі кезде нарықта сұранысқа ие цифрлық мамандықтарды үйретуге бағытталған. Оқу бағдарламасы бизнес көшбасшыларының талаптары мен стандарттарына сай құрастырылған. Бұл Freelance Mumkindik оқыту жүйесі 1 айды қамтиды. Бағдарлама ұйымдастырушыларының айтуынша, білім алуға өтініш білдіргендердің 60 пайыздан астамы — елорданың 35 жасқа дейінгі жұмыссыз тұрғындары. Freelance Mumkindik оқыту жүйесі негізінде жылдың соңына дейін 500 азаматқа 7 өзекті цифрлық мамандықты үйрету жоспарлануда.

Қазірдің өзінде модульдік пункттер арқылы 2 мыңнан астам азамат цифрлық мамандықтар бойынша қысқамерзімді оқытуға жазылды. Барлық модульдік пункттерді «Халық» қоры ұсынады. JOLTAP жобасының тағы бір артықшылығы, табысын арттыруға мұқтаж азаматтарды белсенді түрде анықтауға және оларға мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес беруге таптырмасы мүмкіндік болып отыр. Өйткені мұндай модульдік пункттер қаланың әрбір ауданындағы халық көп баратын ыңғайлы жерлерде орналасқан. Қала бойынша 10 модульдік пункт үздіксіз жұмыс істеп тұр. «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері күн сайын сағат 10:00-ден кешкі 19:00-ге дейін түрлі сұрақтармен келген халыққа қолжетімді және нақты сұрақтарға нақты жауап береді. Консультанттар JOLTAP жобасының оқу бағдарламаларымен қатар, тұрғын үй бағдарламалары, бизнесті қолдау, әлеуметтік көмек және еңбекке қамту сұрақтары бойынша да жан-жақты ақпарат береді. Бұған дейін «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы 52 мемлекеттік қолдау шарасы бойынша бизнес ашу үшін грант пен микроқаржыландыру бағдарламаларына қатысуға 720 адам өтініш берген.

Жақында басталған Freelance Mumkindik оқыту жүйесінің екінші легіне қатысушы 215 азамат 7 цифрлық дағды бойынша оқуға кірісті. Айтқанына екі сабақ өткізіледі. Freelance Mumkindik қысқамерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындарын қамтиды. Түлектер арасындағы сұрастыру нәтижесінде білім алушылардың жартысы ресми түрде жұмысқа тұруға немесе фриланс бойынша тапсырыстар алуға қызығушылық танытқан. Олардың 10 пайызы өзін ашапқашы, ал 22 пайызы әрі қарай оқуын жалғастырығысы келеді. Бағдарлама аясында үш жылдың ішінде жұмысшы және цифрлық мамандықтар бойынша 10 мың адамды оқыту жоспарланған. JOLTAP жобасы аясында оқыту тегін. Жобаға кез келген адамның қатысуына болады, курс сабақтары тегін жүргізіледі.

— Астана тұрғындарының дамуға әрі кәсіби өсуге талпынысы жоғары. Азаматтар оқуға, дағдыларды үйренуге, бизнес ашуға қызығушылық танытып отыр. JOLTAP жобасы арқасында 10 мың Астана тұрғыны жұмысшы және цифрлық мамандықтары бойынша оқып, сертифицирталған маман атанады. Жоба — мемлекет, бизнес және қоғамның бірлес-

сін құрастырған тиімді жүйесі. Біз жана серіктестіктер мен әріптестікке ашықпыз, — дейді жоба жетекшісі Дана Жүнісова.

Freelance Mumkindik бағдарламасына енген 7 цифрлық дағдыны, атап айтсақ, таргетолог, SMM, видеограф, маркетинг, мобилограф, графикалық дизайнер және веб-дизайнерді (сайттарды әзірлеу) қамтиды. Оқу аяқталғаннан кейін қатысушылар сертификат алады, ал олардың кандидатуралары JUMYS TAP Telegram-ботында жарияланады.

— Жастар үшін цифрлық дағдыларды меңгеру табысты мансаптың ажырамас бөлігіне айналды. Көптеген бағыт ішінде



біз жана мүмкіндіктер әлеміне жол ашатын және еңбек нарығында артықшылық беретін жеті цифрлық дағдыларды атап өттік, — деп жазды JOLTAP жобасының баспасөз қызметі.

Атап айтар болсақ, жобасы аясында Астанада 3 200 азаматқа кеңес берілді. Қала тұрғындары мемлекеттік қолдау шаралары және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайлы ақпарат алды. Олардың 870-і — әлеуметтік осал топ өкілдері. Сонымен қатар қысқа мерзім ішінде заманауи мамандықтың иесі атанып, жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін жобаға қала тұрғындарының сұранысы өте жоғары.

— Таргетолог мамандығы үйде отырып жұмыс істей беруге ыңғайлы болғандықтан, осы мамандықты оқуды таңдалым. 5 баланың анасымын. Бұрын мемлекеттік мекемеде жұмыс істегенмін. Қазір 3 балам балабақшаға баралы, оларды апарып, әкелетін адам жоқ. Сондықтан жұмыстан шығуыма тура келді. Үйде қарап отырмайын деп ылғи жанадан шыққан онлайн курстарды сатып алып жүрдім. Ақылы түрде мобилография, SMM курстарын оқыдым. JOLTAP жобасы аясында маған заман ағамына сай «Таргет» курсы қызығырақ көрінді. Жолдасым — бокстан жаттықтырушы. Оның бас мектебін жарнамалап, жазылушыларын көбейтуге пайдам тиісін деп те ойладым. Әзірге жолдасымның бокс мектебін қалай жақсы жарнамалау туралы ізденіп жүрмін. Достарымыздың да кәсіби бар, мүмкін оларға да пайдам тиер. Курсты жақсы менгеріп, таргетолог болып жұмыс істегім келеді. Бұл қолымнан келеді деп ойлаймын, — дейді «Таргет» курсының қатысушысы Данагүл Алпысбайқызы.

Жоба туралы алғаш құрбысынан естіп, модульдік пунктке мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алуға барған, Данагүл Алпысбайқызы сол жерде цифрлық дағдыларды игеру бойынша тегін білім алу туралы шешім қабылдайды. Оның айтуынша, таргетолог мамандығы бойынша оқу басқа мамандықтарға қарағанда қиын. Бірақ бастапқы 3 сабақтың өзінен көп мәлімет алғанына қуанышты.

— Курстардың тегін оқытылуы — көп адамға үлкен мүмкіндік. Өйткені ақылы курстарға қатысуды кез келгеннің қалтасы көтере бермейді. Сондықтан бұл өте жақсы бастама деп есептеймін. Әдетте «Тегін курстарда білім жоқ» дегенді жиі естіміз, алайда JOLTAP бағдарламасындағы берілген білім ақылы курстармен тең екенін байқадым. Осы орайлы сәтті пайдаланып, қала әкімдігіне, бағдарламаны ұйымдастырушыларға рақмет айтқым келеді. Адамдардың әлеуметтік жағдайына қарамастан мемлекет тарапынан тегін оқи алатынына қуанамын. Курста алған біліміме де көңілім толады, — делі Данагүл Алпысбайқызы.

Жобаны ұйымдастырушылар бағдарлама бойынша тегін кеңес беру, нарыққа қажет сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқыту келесі жылы да жалғастырынып айтып отыр. Олардың айтуынша, бағдарлама аясында 2024 жылы 3 мыңдай адамды оқыту жоспарланған.

Жоба басталғалы бері консультациялар күн сайын «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде төмендегі мекенжайлар бойынша күнделікті сағат 10:00-19:00 аралығында көрсетілген уақытта жүргізіледі:

- Ailand ОДО, Қорғалжын тас жолы, 2;
- Magnum супермаркеті, Еділ көшесі, 26;
- Күнделікті сағат 10:00-20:00 аралығында:
- «Жастар» сарайы Республика даңғылы, 34;
- «Тұлпар» СО Ш. Уәлиханов көшесі, 24;
- Euromall CY, Қосшығұлұлы көшесі, 23;
- «Встреча» СУ Абылай хан даңғылы, 31;
- Mechta CY, Сығанақ көшесі, 3;
- «Азия парк» СОО Қабанбай батыр даңғылы, 21;
- Күнделікті сағат 10:00-18:00 аралығында:
- «Саянұр» базары Тілендиев даңғылы, 24/5;
- «Big Шанхай» базары, Алаш тас жолы, 32а.



**«Корек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру**

«Корек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды. Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Корек көзінің элементтері (аккумуляторлары)» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады. (Лот саны – 17, жалпы сомасы 257 424 380,01 тенге, ҚҚС-сыз). Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «27» қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «27» қарашада, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

**Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Элементы питания (аккумуляторы)»**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет повторный открытый тендер по закупке товаров «Элементы питания (аккумуляторы)». (Количество лотов – 17, на общую сумму 257 424 380,01 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов «27» ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов «27» ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

**Бір көзден алу амалымен «Жанар-жағармай материалдары» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС бір көзден алу амалымен «Жанар-жағармай материалдары» тауарларын сатып алуды жариялайды. (Лоттар саны – 2, ҚҚС-сыз жалпы сомасы 27 892 031,51 тенге).

Техникалық сипаттаманың көшірмесін мына мекенжайдан алуға болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб., сағ. 09:00-ден 13:00-ге дейін және сағ. 14:30-дан 18:30-ға дейін.

Конверттерге салынған, сатып алуға қатысуға арналған баға ұсынатын әлеуетті жеткізушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-на, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 24 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Сатып алуға қатысуға арналған баға ұсынатын бар конверттер 2023 жылғы 24 қараша, сағат 12:00-да мына мекенжай бойынша ашылады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109 «В», 605 конференц-залда.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-50.

**Объявление о проведении закупки товаров «Горюче-смазочные материалы» способом из одного источника**

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет закупку товаров «Горюче-смазочные материалы» способом из одного источника. (Количество лотов – 2, на общую сумму 27 892 031,51 тенге без учета НДС).

Копию технической спецификации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Ценовые предложения на участие в закупке, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления ценовых предложений на участие в закупке до 10:00 часов 24 ноября 2023 года.

Конверты с ценовыми предложениями на участие в закупке будут вскрываться в 12 часов 00 минут 24 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«Компания ECOS» ЖШС өнертабысқа патент алу үшін материалдарды дайындау бойынша қызмет көрсететін компаниялар арасында тендер жариялайды. Қатысуға тендерлік өтінімдер мөрленген конвертке мына мекенжай бойынша беріледі: Алматы қ., Жароков к-сі, 210А, 111-қаб.

Қосымша ақпарат алу үшін +7 (727)356-33-56 телефоны бойынша немесе Алматы қ., Жароков к-сі, 210А, 111-қаб. мекенжайы бойынша хабарласуыңызды сұраймыз. Байланыс тұлғасы – Бектұмов Асхат.

ТОО «Компания ECOS» объявляет тендер среди компаний по оказанию услуги по подготовке материалов для получения патента на изобретение. Тендерные заявки на участие предоставляются в запечатанном конверте по адресу: г.Алматы, ул. Жарокова 210А, каб. 111.

Для получения дополнительной информации просим обращаться по телефону: +7 (727) 356-33-56 либо по адресу: г.Алматы, ул. Жарокова 210А, каб. 111. Контактное лицо – Бектұмов Асхат.

**«Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыкқа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, коспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайталама ашық тендердің нәтижелері туралы және қайталама ашық тендер өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыкқа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, коспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайталама ашық тендерді өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Отын және жанар-жағармай материалдары (керосин, технологиялық жабдыкқа арналған жағармайлар және гидравликалық майлар, пластикалық майлаулар, суспензиялар, коспалар мен тығыздауыш пасталар)» тауарын сатып алу бойынша қайталама ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 17, жалпы сомасы 153 746 342,48 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде басшыларға арналған сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы керек.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «27» қарашада, сағ. 10:30-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «27» қарашада, сағ. 12:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-02-04 телефоны арқылы алуға болады.

**Объявление о результатах повторного открытого тендера и о проведении повторного открытого тендера по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)»**

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товара «Топливо и горюче-смазочные материалы (керосины, масла смазочные и гидравлические для технологического оборудования, смазки пластичные, суспензии, присадки и уплотнительные пасты)». (Количество лотов – 17, на общую сумму 153 746 342,48 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:30 часов «27» ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:30 часов «27» ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурсе) жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғ. 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 88-үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: республиканың медициналық ұйымдарының ғылыми, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық қызметін үйлестіру және жүзеге асыру және психикалық денсаулық саласында жоғары білікті мамандандырылған көмек көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мына талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін түрде);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариат растаған көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Қазақстан Республикасының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруге болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басшыларына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде сұхбат жүргізіледі.

Министерство здравоохранения Республики Казахстан объявляет конкурс (далее – конкурсе) по отбору членов наблюдательного совета республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский научно-практический центр психического здоровья» Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

Место проведения конкурса: г. Астана, пр. Мәңгілік ел 8, Дом министерств, 5 подъезд.

Место нахождения предприятия: 050022, Республика Казахстан, город Алматы, улица Амангелды, дом 88.

Краткое описание основной деятельности предприятия: координация и осуществление научной, организационно-методической, практической деятельности медицинских организаций республики и оказание высококвалифицированной специализированной помощи в сфере психического здоровья.

Требования к участникам конкурса: высшее образование, а также соответствие одному из следующих требований:

- 1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на должности не менее 5 лет;
- 2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- 3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:

- 1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- 2) являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- 3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- 4) находящееся в отношении близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Для участия в конкурсе, необходимо представить следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендациях от руководителей предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Дата начала приема документов – день размещения объявления о проведении конкурса в периодических печатных изданиях.

Документы должны быть представлены в течение тридцати календарных дней со дня опубликования объявления, по адресу г. Астана, пр. Мәңгілік ел 8, Дом министерств, 5 подъезд.

По результатам проведенной оценки соответствия кандидата требованиям, предъявляемых к участникам конкурса, проводится собеседование в Министерстве здравоохранения Республики Казахстан.

## ЖОСПАРЛЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА



**1997 жылы 3 мамырда таратылған Жезқазған облысы араға ширек ғасыр салып, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 3 мамырдағы №887 Жарлығымен Ұлытау облысы болып қайта құрылды. Әрине, халық бұл өзгерісті зор қуанышпен қарсы алды. Бұл түсінікті де еді. Өйткені өңірде қордаланған мәселелер жеткілікті болатын. Арада біршама уақыт өтті. Елдің көңіліндегі үмітті күдік басқандай ма, қалай? Жаңа облыстың атына сын айту, мін тағу белең алды. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық жағдайда қордалған мәселелер жеткілікті болмайтынын арттығы болмайтынын секілді.**

Экологиялық жағдайы мүлде сын көтермейтін еді. Облыс орталығы Жезқазған қаласында, басқа қала, аудандарды, ауылдарды айтпағанда, заманауи медициналық мекемелер мүлдем дерлік жоқ болатын, әрине халық арасында «Самсунг» аталып кеткен «Жезқазған-медорталығын» айтпағанда. Бұл орталық негізінен «Қазакмыс» корпорациясына қарасты болғандықтан, оған көп адамның қолы жетпейді, ақысын төлеп емделуге қалта көтере бермейді.

Басқасы басқа, облыс орталығы Жезқазған қаласындағы ауысудың сапасы туралы сөз қозғауға да болмайды. Ішуге жарамсыз болса, мұның несің сөз етесің? Дем алатын таза ауа тағы жоқ. Кей күндері қаланы мыс зауытының түтіні басып қалғанда, көз ашиды, ми айналады.

Облыс құрылған тұста облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 23%-ы (277,4 шақырым), қалайшылық және кентішілік жолдардың 30%-ы (163,4 шақырым) қанағаттанғысыз күйде болды.

Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету де өзекті мәселелердің бірі болатын, атап айтқанда, облыс бойынша тұрғын үй алуға 6 044 адам кезекте тұрған еді.

Бетінен сыдыртып айтқанда, осындай кесек-кесек мәселесі бар өңірді ертегілердегі сиқырлы таяқша арқылы ғана бір сәтте өзгертіп жіберуге болатын шығар. Өйтпесе, басқаша мүмкін емесі айқын ғой.

Облыс басшылығы өңірдің әлеуетін бағамдай отырып, аймақты дамытудың жолдарын қарастырды, тетіктерін іздестірді. Мүмкіндіктері зерделеу барысында облыстың алдында тұрған міндеттер нақтыланды. Соңында, Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары жасалды. Ел Президенті тарапынан қолдау тапқан соң Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 қарашадағы № 871 Қаулысымен «Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілді.

Кешенді жоспарда облыстың барлық саласы қамтылды. Мұның ерекшелігі де сонда. Егер жоспар толық жүзеге асатын болса, қандай нәтижелерге жеткізуі мүмкін?

Әрине, қазір экономикада шағын және орта бизнестің денгейі артып келеді. Халықты жұмыспен қамтуға келгенде де, қызмет көрсету мен өнім өндіруде де кәсіпкерлікке көп үміт артылады. Өйткені кәсіпкерлік дамыса, экономика да алға басады. Кешенді жоспарда шағын және орта бизнеске өте қатты маңыз берілгені де сондықтан. Егер ойдағы жоспар орындалатын болса, облыстағы шағын және орта бизнестегі жұмыспен қамтылғандар санының өсуі 10,8%-ды құрайды. Бұл дегеніміз – 30 212 адам. Ал бұл цифр 2021 жылы 27 257 адам болған еді. Сол сияқты шағын және орта кәсіпкерлік арқылы өнім өндіру 2,7 есе ұлғайып, 448 826 млн теңгені құрайтын болады. 2021 жылы бұл көрсеткіш 164 381 млн теңге құраған еді. Кешенді жоспар 9,5 мың жаңа, соның ішінде 4 894 тұрақты жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етеді.

Жол жақсармай, облыстың өзге өңірлермен байланысы жеткілікті деңгейге көтеріле алмайды. Сондықтан кешенді

жоспарда жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың денгейі 2026 жылға қарай 98%-ға, ал қалайшылық және елді мекенішілік жолдардың денгейі 90%-ға дейін жетугі тиіс деп белгіленді.

Облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытуға баса назар аударылмақ. Соның нәтижесінде аймақта мал басын өсірудің тамаша мүмкіндігін пайдалана білу керек. Бұл орайда да облыс алдына орасан міндет қойып отыр. Яғни, алдағы үш-төрт жыл шамасында облыстағы сиыр саны – 236,4 мың, қой-ешкі – 419,4 мың, жылқы 193,6 мың басқа дейін көбейді деп жоспарлануда. Әрине, кешенді жоспарда көзделген барлық шаруаны тізбелеп шығу міндет болмаса керек.

Қош, кешенді жоспар қабылданғалы жылдан аса уақыт өтті. Енді «сол жоспардың орындалуы қандай?» дейтін сұраққа жауап іздейтін кез де келіп жетті.

Бізге мәлім болғанындай, кешенді жоспарда белгіленген 12 іс-шара қазірдің өзінде орындалды. Нақтырақ айтқанда, Қаражал қаласындағы «Батыс Қаражал» кен орнында тау-кен жұмыстарының шегін 10 шақырымға кеңейтуге бағытталған геологиялық барлау, №1, №2 Жезқазған байыту фабрикасының орта және кіші ұсақтау жабдығын жаңғырту, Жанаарқа ауданында 30 орындық қонақүй салу және Жанаарқа ауданында ет өңдеу және ет өнімдерін өндіру кешенін құру жұмыстары 2022 жылы жүзеге асырылды. Ал биылғы жыл басынан бері жоспардағы тағы 8 іс-шара өзінің нүктесіне жетті. Бұлардың арасында «Алашпай» кен орнына барлау жүргізу, «Қазакмыс» корпорациясы кәсіпорындарында тамақ өнімдерін есепке алу жүйесін енгізу, Шалғы су қоймасын, Манақ бөгетін күрделі жөндеуден өткізу және т.б. бірнеше шаруа бар. Кешенді жоспарды жүзеге асыру басталғаннан бері 7,5 млрд теңге қаражат тартылып, 485 жұмыс орны ашылды.

2023 жылға жоспарды жүзеге асыру мақсатында барлығы 186 млрд теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен – 21,2 млрд, жергілікті бюджеттен – 10,6 млрд теңге, жеке инвестициядан 154 млрд теңге тарту жоспарланған болатын. Қазір осы сомаың 162,4 млрд теңгесі бөлінді.

Кешенді жоспардағы 126 іс-шараның 105-і қазірдің өзінде қолға алынды десек, соның 93-і жүзеге асырылуда, мұның 58-і жұмысын келесі жылы жалғастыратын болады.

Облыстың индустриялық-инновациялық дамуына зор ықпалын тигізетін Жезқазғанда шикі мыс концентраттарын гидрометаллургиялық өңдейтін және өнеркәсіптік реагент шығаратын химия зауытын салу, «Жомарт» кен орны базасында мыс өндіру, Жезқазған мыс балықты зауытын газдандырумен жаңғырту жобалары биылғы жылдың соңына шейін іске қосылмақ. Осы үш жобаны іске қосуға ғана 10 млрд теңгеден астам инвестиция салынып, 3 мың жаңа жұмыс орны ашылды деп күтілуде.

Қай жағынан алсақ та, анықтап қарағанда облыста ілгерілеушілік байқалады. Мысалы, облыстың келуіміз бірге өңірде құрылыс қарқын алды.

Мәселен, 2023 жылдың 8 айында облыста тұрғын үйді пайдалануға беру 39,7 мың шаршы метрді құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 56,7%-ға артық. Халық санының өсуін ескере отырып, облыста 2 жалға беру, 1 несиелік және 4 коммерциялық тұрғын үйлер

салынды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 18-ден астам пәтер сатып алынды.

Сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларына қатысты жаңа нысандардың бой көтеруі, бұрынғылардың қайта жөндеуден өткізілуіне де айрықша көңіл бөлінуде. Сәтбаев қаласының орталық ауруханасы, Жанаарқа ауданының көпсалалы аудандық ауруханасы, Қаражал қаласының орталық ауруханасы және Жезді кентінің ауруханасына күрделі жөндеулер жүргізілді. Ал Ұлытау ауданының орталығында бір мезгілде 100 кісіні қабылдауға қабілетті аурухана құрылысы бой көтерді. Аталған нысан келесі 2024 жылдың бас кезінде пайдалануға берілетін болады. Жанаарқа және Ұлытау аудандарында 9 фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы қарқынды түрде жүріп жатыр.

Облыс орталығындағы Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары үшін салынып жатқан 200 орындық жатақхананың жыл соңына дейін үш қабаты толық көтеріліп, шатыры жабылатын болады.

Жезқазған қаласында тағы бір салынып жатқан нысан, бұл – өрт сөндіру депосы мен оның әкімшілік ғимараты. Қазір көріз, электр желілері мен су құбырлары тартылған нысан келер жылдың ортасында толықтай пайдалануға беріледі.

Облыстың құрылуы алыс ауылдарға да жақсы жаңалықтарын әкелуде. Мысалы, Егінді – облыстың ең шеткері ауылдарының бірі. Мұндағы клуб үйінің өбден тозығы жеткен еді. 40 жыл бойы жөндеу көрмегендіктен, азып-тозған клуб биыл кісі танымастай өзгерді. Өйткені клубтың шатыры жаңартылды, еден-терезесі ауыстырылды, жаңадан қазандық орнатылды.

Сонымен қатар биыл желтоқсан айында ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға арналған оналту орталығының ашылуы күтілуде. Республикалық бюджет есебінен шамамен 2 млрд теңге сомаға заманауи медициналық жабдық сатып алынып, оның 500 млн теңгесін ауылдық денсаулық сақтауды жаңғыртуға бағыттау жоспарлануда.

Жезқазғанның басты проблемаларының бірі – халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету екені жоғарыда айтылды. Кешенді жоспарда бұл мәселе айрықша көрсетілген. Жақында өткен алқалы жиынның бірінде облыс әкімі Б.Әбдіғалиұлы келесі жылы облыс орталығындағы ауызсу сапасына қатысты мәселе он шешімін табатынына тоқталды. Бұл негізсіз айтқанын сөз емес. Өйткені қазір шаруашылық ауызсу тазарту кешеніндегі жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Нысан қолданысқа берілген соң ауызсу заманауи, жаңа технологиялар арқылы тазартылатыны анық. Ал бірақ құрылыс толықтай тек 2026 жылы аяқталатын болады. Дегенмен 1960 жылдан бері ауыстырылмай, салдарынан істен шыққан су резервуарларының құбырларын айыр-бастау аяқталып қалды. Бұл Жезқазғанға жеткізілетін су сапасын қазіргіден анағұрлым жақсартатынын сөзсіз. Халық мұны тағатсыздана күтіп отыр.

Облысқа алғашқы шетелдік инвесторлардың келе бастауы да халықтың ертеңге деген сенімін нығайта түсті. Қытай кәсіпкерлерімен бірлесіп отырып, Жезді кентінде кремний зауытын салу, Жанаарқа ауданында жел электр стансасын орнату, Жезқазғанда сол стансаға қажетті құрал-жабдықтар өндіретін зауыт ашудың жоспарлануы өңірдің ертеңі бүгінгінен де келбетті бола түспегінің кепілі іспетті. Халық осылай қабілдәп жатыр.

Кімнің де болсын көңілі тойымсыз. Кім болсын қай нәрсенің де тезірек іске асқанын, көз көргенін қалайды. Бірақ уақытқа бағынбауға болмайды. Өрбір істі атқару үшін қаншама құжат жинау қажет. Қаншама кеңсеге кіріп, қаншама шендінің алдынан өтіп, рұқсатын алу керекі тағы бар. Осының бәрі уақытты жеңіп, шыдамды тауысады. Ең бастысы, елдің күткен қажетті шаруасының он шешімін табуы десек, Ұлытау облысында айналасы екі жылға жетер-жетпес уақытта көптеген іс атқарылғанын аңғару қиын емес. Жоспарлы жобалар біртіндеп жүзеге асып жатыр. Демек, облыс өзінің алдына қойған мақсатының биігіне көтеріліп келеді.

Майлыбай КЕТЕ,  
Ұлытау облысы



## ҰЛЫТАУҒА 5G КЕЛЕДІ

**Мұндай жақсы жаңалық өңірде «Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасы Қ.Есекеевтің келуіне байланысты болды. Сапар барысында «Қазақтелеком» АҚ мен Ұлытау облысының әкімдігі арасында аймақтағы ұялы байланысты, интернетті дамыту бойынша меморандумға қол қойылды. Меморандумның бір тармағы Жезқазғанда 5G желісін іске қосуды көздейді.**

Ұялы байланыс – Ұлытау облысындағы қордалы мәселенің бірі еді. Осындa жол қатынасы мүлде сын көтермейтін Жезқазған – Қызылорда автожолының бойында байланыс мүлдем жоқ десе де болады. Ал Қарағандығы қарай баратын жол бойының да оңып тұрғаны шамалы.

Мектептерді цифрландыруға да интернет желісін жеткіліксіздігі қолбайлау

болып келеді. Облыс басшысы өңірдегі бұл бағыттағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған «Қазақтелеком» АҚ-ның бағыттарына зор ризашылығын білдірді.

Меморандумға сәйкес 2025 жылға қарай Жезқазған қаласының байланыс желілері оптикалық-талшықты желілерге көшіріледі және 2023-2024 жылдары Ұлытау облысының аумағында ұялы байланыс пен мобилді интернетті дамыту бойынша қажетті іс-шаралар жоспарын бекітілетін болады. Аймақ басшылығы тарапынан облыстағы 36 мектепке оптикалық-талшықты байланыс желілерін немесе радиокөпір жүргізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Көп ұзамай Ұлытау облысында ұялы байланыс өткір мәселе болудан қалатын сынайлы. Ләйім, солай болсын!

М.КЕТЕ



«Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танилды.

Жоғарыда баяндалған байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 17, жалпы сомасы 52 494 639,57 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 27 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 27 қарашада, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-50.

Объявление о результатах повторного открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера закупки товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости». (Количество лотов – 17, на общую сумму 52 494 639,57 тенге без учета НДС).

Перечень поставляемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 27 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 27 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-50.

**Қарашаның үшінші жексенбісі Қазақстан Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні. Ауыл шаруашылығы – азаматтарымыздың өмір сапасына тікелей әсер ететін экономиканың басты салаларының бірі. Ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз, тіршілікке қажетті еңбегінің арқасында бүгінде отандық аграрлық сектор өзіндік жолымен қалыптасты. Әрине, біздің ауыл еңбеккерлері мен саланың ғалымдары одан әрі, еліміздің игілігі үшін тер төгуде. Ерен еңбекті бағалау – парыз. «Қуатты Қазақстанның қабырғасын бәсекеге қабілетті аграрилер қалайды», – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та үлкен міндет жүктеп отыр. Сонау Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап мемлекеттің ауылға айрықша көңіл бөлуі – осының айғағы.**

Бердібек ҚАБАЙ

Бүгінде елімізде жалпы 7 мыңға жуық ауыл мен елді мекен бар. Осы ауылдарда республика халқының жартысына жуығы өмір сүріп жатыр. Олай болса, ауылдың әлеуметтік-экономикалық ахуалы, рухани көңіл күйі – ел ертінің нақты көпірі бола білмек.

Сонымен, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері 30 жылдан асты. Осы уақыт ішінде ауыл шаруашылығы қандай жетістіктерге жетті? Бүгінде аталған сала қалай дамып жатыр? Бұл сұраққа жауап іздеп отырып, біршама оң өзгеріске көз жеткіздік. Қазір еліміз ауыл шаруашылығын цифрландыру бойынша Орта Азия елдерінің алдыңғы шебінде екен.

Отандық фермерлер қазіргі заманғы технология негізінде ойлауға және онымен бірге жұмыс істеуге белсенді түрде ұмтылады. АШМ жаңа жабдықтарды енгізуді, смарт-жүйелерді сыналап болса да шаруашылықтарға тартып, басқарушылықта IT-шешімдерді пайдалануды жүзеге асыру үстінде. Ауыл шаруашылығы министрлігінің таратқан ақпаратына сай, еліміз бойынша мал шаруашылығында смарт-жүйелерді пайдаланып сүт пен төлдеудің көрсеткішін 20%-ға арттыруға мүмкіндік пайда болса, өсімдік шаруашылығында пилоттық нысандардағы енгізілген жаңа технологиялардың арқасында өнім көлемі 30%-ға дейін өскен. Сәйкесінше, фермерлердің шығындары 20%-ға қысқарған екен. Алдағы жылдарда ел экономикасының негізін осы ауыл шаруашылығы саласына аудару көзделіп отыр. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы да бекітілген. Мұнда ауыл-аймақты дамытудың түрлі аспектілері айқындалған. Әділет министрлігінің мәліметінше, 2020–2022 жылдары шараларды іске асыру нәтижесінде ауылдарды сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік 90,1%-дан 94,5%-ға дейін ұлғайған. Ауылдарда 116 мектепке дейінгі мекеме, 224 жалпы білім беру мектебі, 47 амбулаториялық-емханалық мекеме пайдалануға берілді деп жоспарлануда. Сонымен бірге Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары бекітілді. Мұнда ауылды сумен жабдықтау, орта білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік бойынша өңірлер арасындағы алшақтықты қысқарту және өңіраралық аумақтық байланысты (энергетикалық, көліктік және цифрлық байланыс) қамтамасыз ету көзделген.

Әрине, мұның барлығы жоғарыда Президент айтқан еңбек адамының қолымен жүзеге асырылып жүйеленетіні белгілі. Десе де, елімізде ғұмырын ауыл шаруашылығы саласына арнап, өмір бойына бел шешпей еңбек етіп келе жатқан азаматтардың аты ерек. Мұндай жандардың барлығы сол ауылда өмір сүретіндіктен алдымен ауылдың өлеуетін көтеру мәселесі қашанда күн тәртібінен түспеуі керек.

# ӨРКЕНДЕСЕ АУЫЛЫМ, ӨРГЕ БАСҚАН ҚАУЫМЫМ

аталмыш шаруашылықтың техникаларын тізгіндеп жүр. «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелісімен марапатталған еңбек адамы Юрий Адамұлы осы уақытқа дейін талай тракторшыны тәрбиелей жүріп, мыңдаған гектар алқаптан астық орғанын айтады. Әлі де болса елеміздің ауыл шаруашылығы саласына да ғұмыры жеткенше еңбек етіп, талай тракторшы шәкірттер тәрбиелемек.



**Бауыржан ҚҰРМАНОВ,**  
ветеринар

1986 жылдан бастап ветеринария саласында үздіксіз еңбек ете жүріп ғылыммен де айналысты. Ветеринария ғылымдарының докторы. 1986 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін 1994 жылға дейін Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында, ветеринарлық құрылымдарында маман болған Бауыржан Аванұлы мал шаруашылығын дамыту мен ветеринария саласының еліміздегі болып жатқан кемшіліктерін түзетіп, шаруашылықтарға қолдан келгенше көмек қолын созып келеді.

«Елімізде ветеринарлар жоқтың қасы. Жастар мал шаруашылықтарына барғысы келмейді. Ол жақта да тың өзгерістер көп. Сол жаңашылдыққа жастарымызды үйретіп, білмегенін көрсетіп жүрмін. Бұл жолда ғылыммен айналысқысы келетін жастарға жетекші болуды да құп көремін. Ғылым мен өндірісті ұштастырмайынша түйткілдің түйінін тарқату қиын», – дейді Бауыржан Аванұлы.

Қазір V-CON деген атпен ЖШС ашып, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан агро-өнеркәсіп кешені субъектілеріне жануарлардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша консультациялар мен ғылыми-практикалық қолдау көрсетуде.



**Қанат АҚШАЛОВ,**  
ғалым

Ол 50 жылдан бері ауылшаруашылығы саласының күрделі мәселелерімен айналысуда. Оның ғылыми зерттеулері халықаралық деңгейде мойындалған және қазақстандық қана емес, әлем фермерлер үшін өзекті.

Қанат Ақшалов – Солтүстік Қазақстанның қуаң даласында жаздық бидай, арпа, сұлы және басқа да дақылдарды өсіру технологиясын интенсификациялаудың принциптерін айқындаған ғылыми еңбектің авторлары. Қазір ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу мен себудің жаңа жүйелері, экологиялық тұрғыдан тиімді өсімдік шаруашылығын әртарапандыру, заманауи ауыл шаруашылығы машиналарын қолдану мәселелерімен айналысады. А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында еңбек етіп жүр.

Қазір ол – агроландшафты өсіру технологиясы зертханасының меңгерушісі. Ауылшаруашылық дақылдарын өсіру технологиясын, топырақтың құнарлылығы, топырақты жел мен су эрозиясынан қорғау әдістерін әзірлеуге және негіздеуге бағытталған ғылыми зерттеулермен айналысуда.

Статистикалық мәлімет бойынша, елімізде 6,5 мың ауыл бар екен. Ауылдағы тұрғындардың саны – 7,7 млн адам. Демек, ел тұрғындарының тура 42%-ы ауылда тұрады.

Бүгінде ауылдық жерлерде шешімін табуды талап ететін бірқатар түйткіл бар. Мәселен, еліміздегі ауылдардың жартысынан астамында көшелер, білім беру және денсаулық сақтау нысандары жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді, инженерлік желілері тым тозған. Осы мақсатта бірінші кезекте қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен «Ауыл –

## ҚҰРМЕТТІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы атап өткендей, адамның өз жері мен еліне деген көзқарасы бәрінен де жоғары бағалануы тиіс. Осы асыл қасиеттер бойында бар жауапты адамдарды «Адал азамат» деп атауға болады. Бұл сіздердің әрқайсыларыңызға қатысты екеніне сенімдімін. Өйткені сіздер туған жерге құрметпен және ұқыппен қарау дегенді терең түсінесіздер.

Биылғы жыл АӨК үшін оңайға соқпады. Жекелеген өңірлердегі құрғақшылық пен ұзақ жауын-шашын күзгі жиын-терім науқанына кері әсерін тигізді. Бірақ сала қызметкерлерінің күш-жігерінің нәтижесінде астық жиналды. Ел толық көлемде нанмен қамтамасыз етіледі.

Тамақ және қайта өңдеу саласы қызметкерлерінің еңбегі де өте маңызды. Сіздердің жұмыстарыңыздың арқасында ел халқы сапалы сүт, ет, ұн, нан, макарон және басқа да көптеген өнімдермен қамтамасыз етілді.

Саланың алдында климаттың өзгеруі, геосаяси факторлар жағдайында көптеген елдерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдыққа ие болып отыр. Бұл ретте біздің серіктес елдердің азық-түлікпен қамтамасыз етілуі де Қазақстанға байланысты.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Мереке құтты болсын!

**Айдарбек САПАРОВ,**  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі

ғана сүйеніп қалмай, біршама биікті бағындырып отырған қожалықтардың бірі ретінде Қарағанды облысы Осакаров ауданындағы «Найдоровское» серіктестігін айтуға болады.



**Павел ЛУШАК,**  
үздік шаруашылық  
«НАЙДОРОВСКИЙ» ЖШС басшысы

«Найдоровский» ЖШС-да қатты бидайға басымдық берген. Биылғы маусымда 18 мың гектар егістік алқабының 9 200 гектарын қатты дақылға бөлген. Осылайша, жаздың құрғақшылықпен өтіп, күз келе ылғалдың көп болуы салдарының өзінде еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткішке қол жеткізген. Мұндағы қатты бидайдың орташа өнімділігі 20 центнер/гектарды құрады.

«Егін себуден оруға дейінгі ұзақ маусымда біздің шаруашылықтың қызметкерлері шаршайтыны шындық. Ал қыста 4 ай ештеңе істемей демалатыны тағы бар. Біз бұл 4 ай уақытта адамдарымызды табыссыз қалдырмаудың жолын таптық. Мәселен, механизатордың жұмыс айларында алатын жалақысын 20 пайызға көбейтіп, сол есепті жиналған сомааны жұмыс істемейтін 4 айға бөлдік. Осылайша, мамандарымыздың 4 ай бойындағы демалысы кезеңінде де ай сайын 100 мың теңге жалақы беріп отырмыз. Енді ерекше еңбек сіңірген жандардың айлық ақысына қосымша 10 мың теңге тағы қосамыз. Алдағы уақытта құс шаруашылығын құру жоспарын жасап жатырмыз», – дейді «Найдоровский» ЖШС басшысы Павел Лушак.

Шаруашылық құрып, шаруасын дөңгелетіп жатқандар қаншама? Мұндай шаруалардың саны күн санап өсіп келе жатқанын көріп қуанып та қаламыз. Мемлекеттің қолдауына сүйенсе де, өздерінің шаруақорлығына сенсе де, әйтеуір шаруасынан шашау шығармай, біраз бөлесті бағындарғандардың кейбірінің мемлекеттік қолдауға бағдарлама негізінде іліне алмай жүргендігін айтқымыз келеді. Дегенмен ел болып еңсе тіктегеннен бері «Ауыл жылы», «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Сыбаға» сында талай бағдарламалар мен жобалар қабилданып ел игілігі үшін жұмыс істеуде. Одан бөлек, 2025 жылға дейін елімізде 1,8 мың ауылдық елді мекен жаңғыртылатын болады. Бұл ретте «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асырылатын тетіктері келесі шараларды қамтымақ. Бірінші кезекте тірек ауылдық елді мекендер іріктелді, бұл ретте олардың даму әлеуетіне және қазіргі экономикалық жағдайына талдау жасау негізінде, осы ауылдарда іске асырылатын жобалар қоса қамтылатын болады. Екіншіден, әрбір жоба және елді мекен бойынша көзделген мақсатқа жету жөніндегі, өңірлік стандарттарға сай келетін Жол картасын жасау қолға алынды. Үшінші кезекте, жобаларды іске асыру және бақылау мүдделі мемлекеттік органдармен бірге «AMANAT» партиясын тарта отырып жүзеге асырылатын болады.



**Юрий АДАМУЛЫ,**  
механизатор

Бухгалтер Юрий Адамұлы өмірінің 43 жылын тракторшы және комбайншылыққа арнаған. Қазір де сүйікті кәсібін қол үзбеген. Күні кеше ғана аяқталған егін орағынан кейін тракторын көктемгі тұқым себу науқанына дайындап жүр. Юрий атай Теріскейдегі Аққайың ауданы Шағалалы ауылында орналасқан Солтүстік Қазақстан Ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасындағы еңбегін өмірінің мәні санайды. Жұбайымен бірге 3 бала тәрбиелеп өсірген. Бүгінде баласы Виталий Юрийұлы да

**Ауру – астан. Берекемізді алып, тыныштығымызды қашырған бойымыздағы дерттің асқынудына негізгі себеп – дұрыс тамақтанбау. Күнделікті ішіп-жемнің құрамы мен сапасына мән беріп, тамақтану режимін ұстанған жаннан ауру-сырқау да алшақ болмақ. Сайып келгенде, саулығымызға қатер төндірушілер де – өзіміз. Сәйкесінше, жан мен тән саулығының үйлесімі – дұрыс күтімнің нәтижесі.**

# ТАМАҒЫ ОНЫҢ



## «ҒОЙ» Бір-ақ тамшы...



Соңғы жылдары елімізде астан улану оқиғалары жиілеп кетті. Көптің санасында «аса қауіпті» дерттер санатынан саналмаса да, соны қабырғаны қайыстырар қайғымен аяқталған фактілер жок емес. Ресми деректерге сүйенсек, биыл алғашқы жартыжылдықтың өзінде жаппай уланудың 15 жағдайы тіркеліп, еліміз бойынша, жалпы саны 350-ге жуық адам зардап шеккен. Олардың арасында 131 бала болған. Өкініштісі, астан уланудың салдарынан бір адам көз жұмған. Ал былтыр осы мәселе төңірегінде 39 жағдай тіркеліп, 712 адам тамақтан уланған екен. Жыл сайын мұндай келенсіздікке ұшырайтындардың қатарында ересектерден өзге, мектеп жасындағы балалар бар. Бұл дегеніміз – мектеп асханаларындағы санитариялық ахуалдың жіті бақылауда болмауы. Әріге бармай-ақ жақында ғана елді дүрліктірген Жамбыл облысындағы мысалды алайық. Байзақ ауданы, Сарыкөмер ауылындағы Нығметулла Киікбаев атындағы мектеп гимназиясындағы жағдай денсаулық сақтау, білім беру, СЭС органдары мен мобилдік топтарды аяғынан тік тұрғызды. Белгілі болғандай, аталған мек-

тептің 33 оқушысы мен 2 мұғалімі астан уланған. Бастапқыда 23:00-ге дейін өтініш білдіргендер саны 46 адамды құраса, оның 35-і ауруханаға жатқызылған. Мектеп асханаларын сапалы өніммен қамтамасыз етуде салғырттық танытқан осыған ұқсас оқиғалар өңірлердегі барлық білім ошағына сабақ болуы тиіс.

Таяуда 7 қараша күні «Алматы Дарыны» ЗТМО базасында тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомстваралық сараптама тобының отырысы өтті. Ведомстваралық сараптама тобы тамақтану сапасын жақсарту үшін бақылау жүргізеді. Алматы қаласы білім басқармасының мәліметінше, қаланың барлық мектебі үшін орталықтан бекітілген тамақ мәзірі Қазақ тамақтану академиясының ұсымдарын, тамақтану нормаларын, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді. Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаеваның сөзінше, 2023

жылға жалпы білім беру қорының бюджет қаражаты есебінен 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етуге 18,6 млрд теңге, ал ХӨТ санатынан 5-11 сынып оқушылары үшін 1,8 млрд теңге бөлінген. Сонымен тегін тамақтануға арналған жалпы бюджет құны 20,4 млрд теңге болады.


Осы тұста қоғамдық тамақтану орындарын, мектептер мен балабақшалардың санитарлық жағдайын бақылау ісіне қатысты ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне саулығымызды жолдадық. Басқарма басшысы Гүлшарат Қожатованың айтуынша, балалардың астан улануына негізгі фактор – тамақтану нысандарының (мектеп асханаларының) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамауы. Тарқатып айтқанда, бұл – нысанға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының және өндірістік бақылаудың болмауы, өнімді дайындау, сақтау және өткізу шарттарының, тағам дайындаудың технологиялық процесінің бұзылуы, мерзімі өткен, сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары жок өнімді пайдалану, персоналдың медициналық тексеруден өтпеуі, жалған жеке медициналық кітапшалар (ЖМК) бойынша, жұмысқа рұқсаты бар қызметкерлер арасында ішек инфекциясы коздырғыштарының тасымалдануы салдарынан туындайды.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. 2023 жылғы 1 қантарға дейін жалпы білім беретін мектептер мен МДБҰ асханаларын бақылау ерекше тәртіп бойынша (жартыжылдықта 1 рет еселікпен) тексеру түрінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өкілдері негізінде жоспардан тыс жүргізіледі, – дейді ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Гүлшарат Қожатова.

### ЗЕРТТЕУДЕН ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ – ЖАЛҒАН

Күніне жүздеген оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз ететін мектеп асханасы үшін тағам жеткізуші мердігер компанияға қойылар жоғары талаптың болуы міндетті. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті аумақ-

бірғыңай стандарттарда айқындалған. Тамақтану объектілерінде тағамдық құндылығы бойынша тендестірілген перспективалы екі апталық мәзір жасалады. Мектеп мәзірін білім беруді басқару органы бекітеді. Тамақ жеткізуші мердігер компания мектеп басшысының келісімі бойынша тағамның шығу мерзімін көрсете отырып, мәзірді күн сайын бекітеді. Сонымен қатар мектеп мәзірі асханада, білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдер үшін қолжетімді жерде орналастырылады. ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті астан улану оқиғаларын алдын алауда қоғамдық тамақтану орындары, Атамекен ҰҚП алаңдары мен әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырғанын алға тартты.



### АЛМАТЫДА ТАМАҚТАН УЛАНУ ДЕРЕГІ ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ

Қазақстанның бірқатар облыстарында ушыққан мәселенің бағытын Алматы қаласына бұрсак. Миллиондаған халық қоныстанған алып шаһарда астан улану мәселесінің жай-күйі қалай? Әр алым атаған сайын фаст-фуд өнімдерін сататын дүңгіршектер жиі ұшырасатын қалада аталған мәселенің көтерілуі де – заңдылық. «Осы күнге дейін қоғамдық тамақтану орындарынан ас ішіп, нәтижесінде астан уландыңыз ба?» деген сұрақты алматылықтар қойып көрдік. Сауалнама кезінде байқағанымыз, дүкендегі тамақты тұтынамын деп бір емес, екі рет қиын жағдайға тап болғандар бар екен. Солардың бірі – қала тұрғыны, студент – Лаура (аты өзгертілген-ред.).

– Қоғамдық тамақтану орындарынан ас ішем деп бір емес екі рет улануып қалғаным бар. Алғашқыда Zheka's дүкенінен тамақ пен артынша балмұздағым

эпидемиологиялық бақылау комитетінің берген ақпаратына сәйкес, тексеру барысында жалған зерттеу нәтижесін көрсеткен мекемелерде бар көрінеді.

– Тамақтан уланудың соңғы жағдайы бойынша екі өңірде (Манғыстау және Астана) қызметкерлердің 100 пайызы бактериологиялық зерттеуден өткені туралы жалған деректер көрсетілгені анықталды. Ас мәзірі қызметкерлері үшін медициналық тексеруден өту жүйілі – патогендік коздырғыштарды тасымалдаушыға және паразитологиялық бактериологиялық зерттеулер жартыжылдықта 1 рет орындалады. Флюорография және гигиеналық оқыту жылына 1 рет жүргізіледі, – дейді Бақылау комитетінің басшысы.

Рационға қойылатын басты талаптардың бірі – ас мәзірінің витаминдер мен минералдарға бай тағамдармен қамтылуы. Бұл мектеп оқушыларының рациондары бойынша

бұрынғы деректерді танып жіберген сияқты. Енді суды тәуелсіз сараптамаға бермек ойымыз бар, – дейді Еркіншілік ауылының тұрғыны Мұхаммед Болатұлы.

Түйінді мәселені Ерейментау ауданынан облыстық мәслихат депутаты Бекім Әкімов те көптен көтеріп жүр. Депутат ауылдағы су мәселесін шешуде аудандық бюджеттің жетіспейтінін алға тартты. Сондықтан аудан әкімінің есептік кездесуінде кезекті рет көтерілген мәселеде облыстық бюджеттен қосымша қаржы бөлінбесе түйткілдіні уақытылы шешімін табуы екіталай екенін мойындады.

– Иә, Еркіншілік ауылындағы су мәселесі қазір ауыл жұртын қинап тұрғаны рас. Аудан әкімдігінде өткен аптада ғана есептік кездесу болды. Бұл мәселені Ақмола облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына да хабарлап, облыстан тиісті қаражаттың бөлінуін сұрадым. Суды қазір Еркіншілікпен қосып қоныс тепкен бес шақырымдағы Еңбек ауылынан тасып ішіп отырғандар бар. Міне, осы ауылда 2018 жылы барланған су қоры бар. Содан құбырмен су жеткізсе мәселе шешімін табар еді. Бірақ аудандық бюджетте мұндай қаражат жоқ. Сол себепті облыстан мәслихат шешімін күтпестен жоба жасап, экскаватормен қазып, құбырлар орнатса, мәселе шешімін табар еді. Ауылда су құбыры қазылып, халық тұтынып жатқандықтан, төтенше жағдай жариялауға жатпайды, – дейді Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Бекім Әкімов.

Ауылдағы су мәселесінің аса күрделі жағдайда екенін Ерейментау ауданы әкімдігінде мойындады. Алғашқыда әкімдіктерілер

сатып алдым. Үйге келгеннен кейін уланудың алғашқы белгілері басталды. Желд жәрдем шақырып, соңында ауруханадан бір-ақ шықтым. Асқазанымды тазалатқан соң жағдайым түзелді. Бастапқыда барлық тамақты араластырып жегеннің салдары шығар деп ойлайдым. Ал осыдан бір ай бұрын дәл сол дүкеннен тағы да тамақ сатып алдым. Тура бірінші жағдай қайталанды. Ағзам әлсізденіп, құсық келді. Дәрі ішіп, үй жағдайында емделдім. Содан бері ол дүкеннен тамақтанудың қажеті жоқ екенін түсіндім, – дейді ол.

Елімізде жиілеген дерттің оңтүстік астанадағы ахуалын білу үшін Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тамақтану нысандарын бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Кенжетұл Қонысбайқызы байланысқа шығып, пікірін білдік. Бөлім басшысы биыл қалада астан улану дерегі тіркелмегенін атап өтті.

– Қоғамдық тамақтану орындары, мектептер мен балабақшалардың санитариялық жағдайын бақылау – өте маңызды. Егер тағам қауіпсіздігі стандарттары сақталмаған жағдайда қызметкерлерге заңнама және ішкі ережелер жүзінде шара қолданылады. Бұл – айыппұл, рұқсат құжаттарынан айыру немесе қызметті тоқтату секілді жаза түрлерін қамтуы мүмкін. Тағам қауіпсіздігінің барлық аспектісіне қатысты ақпаратты жеткізу, тағамды дайындау мен сақтау техникаларын жақсарту, нысандардың өз-өзіне тұрақты санитариялық тексерулер жүргізуі – тағамнан улану салдарын алдын алудың негізгі шаралары, – дейді бөлім басшысы К. Қонысбайқызы.

### ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ СТАНДАРТТАРЫН САҚТАМАҒАН

Мәселені заңды тұрғыдан қарасақ, елімізде санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 425-бабының 1-бөлігі бойынша 30-дан 1600 АЕК-ке дейін (кәсіпкерлік санатына байланысты) айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген. ӘҚБҰК-нің 425-бабының 2-бөлігіне сәйкес, егер адам денсаулығына зиян келтіруге өкпе соққан жағдайларда қылмыстық жаза-ланатын іс-әрекет белгілері болмаса қызметін тоқтату, өнімді тәркілей отырып, 200-ден 2000 АЕК-ке дейінгі айыппұл салуға міндетті. Сондай-ақ ақабайсызда адамдардың жаппай ауруға шалдығуына, инфекция жұқтыруына, сау-ленуіне немесе улануына әкеп соққан санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық бар. Жаза түрлеріне 2000 АЕК (6126000 тт) мөлшерінде айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру ісі кіреді.

Басқарма басшысы Гүлшарат Қожатованың пікірінше, жоғарыдағы қарапайым қағидалардың орынды – астан уланудан және өткір ішек инфекцияларынан аулақ болуға көмектеседі. Айта кетейік, мемлекеттік орта білім беру мекемелерінде білім алушылар үшін тегін тамақтанудың орташа құны 2022 жылы 600 теңгеден 2023 жылы 830 теңгеге өсті. Мамандар күннің жоғарылауы өз кезегінде балаларға түрлі табиғи өніммен сапалы тамақтануға мүмкіндік беретінін айтады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

# ЕРКІНШІЛІК ЖҰРТЫ ЕКІ АЙДАН БЕРІ СУСЫЗ ОТЫР

**Елорданың тап іргесінде тұрса да, судан таршылық көріп отырған ауылдар әлі де болса азырақ емес. Керісінше күн санап қарапайым қажеттіліктердің өзі асқақ арманға айнала бастаған ауылдардың саны еселеп өсе бастағанын байқайсың. Ақмола облысы Ерейментау ауданына қарасты Еркіншілік ауылы екі айдан бері ауызсудан тарығып, тіпті мүлде сусыз қалғанын айтып зар иледі. Жұрт билік басындағыларға жанайқайын айтып шырылдыңанымен, қарапайым жұрттың тілегі жуық арада орындалар түрі көрінбейді...**

Бір келірі бес мыңнан астам адам түгін түтетен ауылда қазір небәрі 4 мыңнан сәл ғана асатын халық тұрады. Халықтың негізгі тіршілік көзі – қорасындағы бес түйір малы. Дегенмен былтыр облыстан екі дәрігердің қауыптында жеткізілмеуі салдарынан мыңдаған малға аусыл тиіп, қынадай қырылып қалған еді. Олардың арасында миллиондап несие алып мал алған шағын шаруалардың жігері құм болып, қу тақырға отырғандары да баршылық.

Мал азабын бастан кешірген жұртты енді қарапайым қажеттілік – су азабы қатты қыспаққа алып тұр. Осы уақытқа дейін ауылды сумен қамтып келген ескі ұңғыманың суы осыдан екі ай бұрын таусылып тынған. Одан кейін екі мөрте құдық қазылғанымен су қоры аз өрі аса тұзды болып, қолдануға жарамсыз техникалық су болып шықты. Тұрғындардың айтуынша, судың сапасы тым төмен болғандықтан тұрғындар арасында жара шыққан, асқазан-ішек жолдары аурулары пайда болған адамдардың қарасы көбейген. Суды көлігі барлар көршілес Еңбек ауылынан яки Ерейментаудан тасып ішіп отыр. Ал көлігі жоқ адамдар ашы болса да осы тұзды суды пайдалануға мәжбүр. Бұл судың да барланған қоры тым аз болып шықты. Малы өліп қорға кіре қоймаған жұрт қар түссе жағдай тіпті қиындап,

қасық суға зар болып қаламыз ба деп қапаланады. Алайда түйткілді жағдайдың түйіні жуық арада тарқатыла қоймайтын сияқты.

– Екі айдан бері мүлде сусыз қалдық десек те болады. Осыған дейін барлық ауыл қолданып келген су ұңғымасындағы су таусылып қалған. Одан кейін 60 метр тереңдікте құдық қазған. Бірақ су шықпай қалды. Болмаған соң жанынан тағы қазып 90 метр болғанда су шықты. Бірақ судың сапасы өте төмен әрі тұзды болды. Жұрттың көбінің іші ауырып, денесінің әр жеріне жара шыққандар көбейіп тұр. Қазақшылқпен ауруханаға бармағанымен науқастанған адамдардың саны өте көп. Күні кеше ғана үстіне жара шығып кеткен баланы көлігімен Ерейментау аудандық ауруханасына апарып келдім. Бұл ақпаратты суымен жуындырып қазір аздап тәуір болып қалыпты. Дәл қазір ауыл шамамен 400 текше су қолданады екен. Бірақ ұңғымадағы су бұл қажеттілікті де қанағаттандыруға жетпей тұр. Ауылдың малы өзінде күзеуден қораға кірген жоқ. Мал келсе судың мүлдем сусыз қаламыз. Халықта үйлерінде құдық жоқ. Суды мүлдем ішуге жарамаса да ішуге мәжбүр. Қазір дүкеннен сатып алып ішейік десек те су болмай қалып жатыр. Ауданнан құзырлы мекеме суға қорытынды берген. Бірақ судың құрамындағы тұздылыққа осыдан бір жыл



«Ауылдан бес шақырым қашықтықтағы Еңбек ауылынан су тарту станса орнатып, екі экскаватормен қаза береміз айналасы бір айдың ішінде суды тартып береміз» деп уәдені үйіп-төккен. Алайда ауылдағы жұрттың қуанышы ұзаққа созылмады. Айналасы бір тәулік ішінде әкімдіктерілер көрші ауылдан су әкелудің мүмкін болмайтынын қайта хабарлаған. Ерейментау ауданының әкімдігіндегілер жағдайды зерттей келе қазылған ұңғыманы түзетумен басқа амалдары қалмағанын айтады.

– Қазылған су ұңғымасы тұзды болып шықты. Еңбек ауылына АРЭК өкілі және басқа да құзырлы орындардың өкілдерімен арнайы барып қайттық. Бірақ біріншінен, суды Еңбек ауылынан жеткізу қомақты қаржыны қажет етіп тұр. Сонымен қатар АРЭК-те бұл жұбаны мақұлдамады. Қомақты қаражаты облыс әкімдігінен де алу ұзақ уақытқа созылады. Сондықтан қолда бар Еркіншіліктегі су ұңғымасына сүзгі орна-

тып, тазартып амалдауды жөн көріп отырмыз. Өзірге басқа амал болмай тұр, – дейді Ерейментау ауданы әкімінің орынбасары Саят Ержанұлы.

Сонымен, өзінде 5 мыңға жуық халқы бар ауыл жұртының мәселесі жуық арада шешімін табар түрі көрінбейді. Ауданның бюджет қоржынында ауылға су тартып бере алатындай қаржысы жоқ. Облыстан қосымша қаржы қарастырылса ғана мәселе шешімін таппақ. Бірақ ол үшін де тағы қағазбастылық пен аузын айға білеген ірі компаниялардың «рұқсаты» қажет екен. Сонда сапасы төмен суды тұтынуға мәжбүр болып, айдың-күннің аманында денсаулығын айырғалған халықтың өмірі мен денсаулығы қаншаға бағаланбақ? Жағдай «Айқын» газетінің одан әрі де бақылауында болмақ...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

**К**ітап – қазына болса, кітапхана – сан ғасырларға күе білімнің киелі шаңырағы. Балалар мен жасөспірімдердің ғана емес, жалпы кез келген азаматтың рухани толысып, білімін ұштайтын, керекті мәліметтерін алатын ең қолайлы жері. Ал интернетті қызық көрген балалар қазір рухани орданың табалдырығын аттап жүр ме?

# Бағаласаң, КІТАПХАНАШЫ бағала!

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде 300-ге жуық балалар кітапханасы бар. Елордамызда бірыңғай құрылымға біріктірілген 18 калалық кітапхана бар, оның алтауы – балалар кітапханасы. Бұл кітапханалардың тұрақты оқырманы күн санап артып отыр. Жалпы, балалар мен жасөспірімдер кітапханасының оқырмандары мектеп оқушылары екенін ескерсек, олардың сұранысы да пәндік тапсырмаларды орындауға қажетті әдебиеттер екені анық. Небәрі 25 жасқа келген Астанада 45 жылдық тарихы бар орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасының бар екені бірі білсе, бірі білмес. Кітапханада танымал кітаптардың орысша және қазақша аудармалары бар, әртүрлі жанрдағы кітаптар жеке секторда орналасқан. Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директорының орынбасары Гүлмира Айдарбекованың айтуынша, жоғарыда аталған 166 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхананың 9 000 тұрақты оқырманы бар.

— Мұнда орта білім беретін мектеп және музыка мектебінің оқушылары жиі келеді. Көбі фантастикалық жанрдағы кітаптарды таңдайды. Сонымен қатар балалар Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменовтің кітаптарын, 5-сыныптан бастап «Абай жолы», «Қан мен тер», «Ұшқан ұя» кітаптарын іздеп келіп оқиды. Одан бөлек, кітапханада көрме, мультфильм көруге арналған интерактивті такта орнатылған. Бұл балалардың кітапханаға келуге қызығушылығын арттырады. Қазір ғимаратта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, кітапхана оқырманымен жаңа үлгіде қауышуға дайындық үстінде, — деді мекеме қызметкері.

Ғаламторға бойы бейім балғындар үшін бағзыдан келе жатқан ертегі кітаптары мен балаларға арналған газет-журналдар тіптен қызық емес дейтін пікір де бар. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығының жоғалуы, кітапханадан гөрі виртуалды «өмірде» белсенділігінің жоғары екені жөнінде психологтердің пайымы бір бөлек. Бүгінгі жастар арасында кітап

“

*Мамандар бала кітап оқу үшін әуелі отбасы институтын дұрыс қалыптастырып, ата-ана өзі кітап оқу арқылы баланы қызықтыруы керек дегенді алға тартты. Десе де, білім мен тәрбиені ұштастырып, балалардың рухани ордаға табан тіреуі үшін кітапханашылар мен ұстаздар да жұмысын ширата түсуі қажет-ақ.*



Кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі – Айнара Муфти. 7-сынып оқушысының кітапханаға келіп жүргеніне төрт жыл болыпты. «Бастауыш сыныпта оқып жүргенде сабақтан шығып, ата-анамды осы кітапханада күтіп отыратын едім. Ол кезде мені кітап беттеріндегі суреттер қызықтыратын. Қазір сабақ тапсырмасы бойынша кез келген мәліметті осы жерден табатын болдым, сабақ жоспарынан тыс көркем әдебиетті де сүйсініп оқитын болдым», — дейді оқушы.

## КІТАПҚУМАРЛЫҚТЫ НАСИХАТТАУ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Балалар кітапханасы — жас оқырмандар үшін білім алуға, бос уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік беретін рухани орда. Бірақ қазір

оқитындар да бар. Дегенмен олардың басым бөлігі көркем әдебиетке емес, аниме жанрындағы кітаптарға қызығады. Психолог Мөлдір Рахметбектің айтуынша, мәтіні аз, суреті көп кездесетін кітаптарды оқыған баланың әдебиет оқуға деген қызығушылығы бертін келе ашылатынын айтады.

— Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулуға, қызықтыруға отбасының рөлі зор. Бала берген бағдарға қарағанда, көргенін тез үйренеді. Ал кітапханада жас оқырмандардың қызығушылығын арттырып, зейінін ашу үшін жан-жақты зерделеп, түрлі әдістерді қолдануға болады. Қоғамда кітап оқыған адамның ойы жүйрік, қиялы ұшқыр болады. Ойлау қабілеті жоғары адамдардың жасаған дүниесі де ерекше болатыны сөзсіз. Мысалы, фильмдерден байқасақ, әр американдық отбасы балаларына ұйықтар

алдында кітап оқып береді. Тура бір заңмен бекітілген тәртіптей. Міне, балаға бағдар айтпай, оны әрекетпен көрсету керек. Бала кітапты таңдағанда отбасы жағдайына байланысты таңдайды. Байқасаңыз, кей балалар жасына сай келмейтін мұқабдағы әлем әдебиеттерін оқиды: түрлі әрекеттің суреті бейнеленген анимелер, бояуы тым түйық кітаптар. Тағы бір айта кетерлік жайт, қазір көптеген кітаптардың электронды түрлері бар, үй тапсырмасы үшін керекті мағлұматтарды интернеттен ала алады. Осы тұрғыда баланың кітапханаға баруын ата-ана жіті бақылауында ұстаған жөн деп айтар едім. Өйткені қолмен ұстап, сезініп оқыған бөлек нәрсе. Әрі үйренген дүниесі баланың санасында уақытша сақталмайды, — дейді Мөлдір Рахметбек.

Мамандар бала кітап оқу үшін әуелі отбасы институтын дұрыс қалыптастырып, ата-ана өзі кітап оқу арқылы баланы қызықтыруы керек дегенді алға тартты. Десе де, білім мен тәрбиені ұштастырып, балалардың рухани ордаға табан тіреуі үшін кітапханашылар мен ұстаздар да жұмысын ширата түсуі қажет-ақ. Әріп таныған әрбір бұлдіршіні ұлттық болмысымызды білмей өссе, болашақта одан елдің жоғын түгендер азамат шығуы екіталай.

## БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫ АКСАП ТҮР

Бүгінгі бұлдіршілердің арасында «Балдәурен», «Ақжелкен», «Балдырған» сияқты газет-журналдың әр санын сағына күтіп қарсы алатын балалар азайды. Шынында, бүгін желі жайлаған заманда балаларды қағаздан оқыту қиынның қиыны болып барады. Ертеден бері жалғасып келе жатқан газет-журнал оқу үрдісі түйыққа тірелді. Балаларға арналған республикалық «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлы бір сұхбатында баланың кітапқа ден қоюы алдымен ата-анаға байланысты екенін айтқан еді. «Кезінде жүз мыңдаған тиражбен таралатын басылымдар қазір бірнеше мың данамен таралады. Олардың да халі мүшкіл, күн өткен сайын өрісі тарылып, тынысы бұзылып келеді. Қарап отырсақ, мемлекет бойынша шығатын балалар басылымы бас-аяғы оңға жетпейді екен. Балалар басылымын жауып тастау немесе оны ақсату — келешекті ойламаудың көрінісі. Бұл ұрпақ тамырына балта шабумен бірдей» деген ақын ата-аналардың журналға жазылу бағасын қымбат көріп, әуре санағанына қынжылатынын айтқан еді. Расында, балаларға білім көкжиегін кеңейтетін танымсы мол таңғажайып журналдан гөрі, бәрін ығыстырып тұтас қоғамның назарын өзіне бұрып алған телефонды алып беруі жанымызды қынжылтады. Интернет әлемінің өлегіне түскен балалар «ұлттық құндылықтарымыздан бейхабар болып өспей ме екен» деген сұрақ әр ата-ананың көкейінде тұруы керек.

Интернеттен алған білім ағып жатқан өзен суымен бірдей. Ағынды тоқтата алмайсың. Өркениетті елдер түбінде кітапқа қайта оралады. Мәселен, Америкада жылына 3 миллион, Қытайда 760 мың (оның 50 мыңы роман) аталыммен кітап басылады екен. Қазақ әдебиетінің жанашыл дара жазушысы Оралхан Бөкей жазғандай: «Адамға ауа қандай қажет болса, кітап пен кітапхана да сондай қажет».

## ЕЛОРДАДА ЕРЕКШЕ КӨРМЕ АШЫЛДЫ

Астанада корей дәстүрлі қолөнері мен ұлттық музыкасын біріктіретін көрме ашылып, әдетте корей операсы саналатын «пхансори» ұлттық жанры мен «кайгым санжо» дәстүрлі инструменталды аспабының қойылымдары өтті.

Корея Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжо Тэ-Ик бұл іс-шарада қонақтар дәстүрлі корей мәдениетімен жақынырақ таныса алатынын айтты. Сондай-ақ ол болашақта К-POP, дорама, аниме сияқты танымал бағыттар мен дәстүрлі мәдениетті кеңінен таныстыратын түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға ниетті екенін жеткізді.

Nur Alem болашақ энергиясы мұражайында ашылған К-Maestro көрмесі 3 желтоқсанға дейін жалғасады. Аталмыш көрме



дәстүрлі корей халық музыкалық аспаптары мен сәндік-қолданбалы өнер туындыларын біріктіретін жоба. Корея Республикасы елшілігінің корей мәдени орталығы бұл шараны Кукак Корей дәстүрлі музыкасының мемлекеттік орталығы және QazExpoCongress ҰҚ АҚ бірлесіп ұйымдастырып отыр. Көрмеде екі экспозиция бар: дәстүрлі «мэдып» және «падон» элементтерінің, яғни жарық пен дыбысқа толы металл бұйымдарының экспозициясы. Көрмеге келушілер мониторлар арқылы әр экспозицияға сәйкес келетін корей дәстүрлі музыкалық қойылымның жазбасын тамашалай алады. Бұл қойылымды буклеттердегі QR-код арқылы да көруге болады.

Көрме Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт өнерпаздарының дәстүрлі қазақ музыкалық аспаптары — жетіген және қобызбен орындауындағы концерттік номермен ашылды. Кореядан келген артистер Кореяның каягым ұлттық музыкалық аспабында орындалатын санжол дәстүрлі музыкасымен тәтті етті. Сондай-ақ Корей дәстүрлі вокалды өнерінің пхансори қойылымын ұсынды. Екі ел артистерінің бірлесіп орындаған «Ариран» корей халық әні де ерекше әсер қалдырды.

## ЖАНҚОШ ЖАПОНДЫҚПЕН ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Жанқош Тұраров әлемге әйгілі жапондық боксшымен жұдырықтасады. Дүбірлі дода 10 желтоқсанда Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтеді.

Әлем чемпионы Жанқош Тұраровтың (27-0, 20 КО) қарсыласы осал емес, дүниежүзіне танымал көп дүркін Жапония мен Азия чемпионы Акихиро Кондо (37-11-2, 21 КО). Боксшылар ИВО



тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағы мен WBA Gold World чемпиондық белдіктерін сарапқа салады. Айта кеткен жөн, Жанқош Тұраров үшінші жыл қатарынан желтоқсан айында қорытынды жекпе-жектерін өткізіп келеді. 2021 жылы жерлесіміз Абдумоном Саидті тізе бүктірсе, былтырдың соңғы айында бұрынғы әлем чемпионы Луис Эрик Ромероны нокаутқа жіберген болатын.

Бұдан бөлек, қазақ боксының жарқын жұлдыздары Виктор Коточигов, Балауа Мұздыман, Елшат Нығметолла, Елхан Табынбаев және басқалары шаршы алаңға шығады. Кештің бас ұйымдастырушысы — LK Production.

Асыл ТҰМАР



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛПЫАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.all@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4377**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.